



МӘСЕЛЕ

САЙМАНЫ САЙЛЫ



БОЛМАСА

Арқада ауыл шаруашылығы саласы екі иінінен дем алып, демігіп тұр. Шалғайдағы шағын ауылдардың дені мал сүмесімен күн көруде. Егіннің еншісі әлдеқашан оқ бойы ұзап кеткен, етек-жеңін жинап алған ірі құрылымдарда. Ал бірін екі ете алмай отырған, екі жылда бір рет бұзаулайтын сынық мүйіз қоңыр сиырымен күн көріп, «шықпа жаным, шықпа» деп тілегі кесілгенімен, үміті кесілмей отырғандар қайтпек. Міне, осы орайда кооперативтің пайдасы ұшан-теңіз. Тек өңірдің өңін кіргізетін осы жаңалықтың насихаты тапшы, түсіндірілуі кемшін. Қазір көпшілік кооперативті ауқатты шаруашылыққа шаруасы шатқаяқтаған екінші біреуді теліп қояды деп түсінуде. Мысалға айтқанда, салмағы зілбатпан ауыл шаруашылығының арбасына атан өгіз бен көкбақа бұзауды парлап жеккен тәрізді.

(Жалғасы 3-бетте)

ҮКІМЕТ

ЖОСПАРЛАЙ БІЛГЕН ЖАҢЫЛМАЙДЫ



«Бәрін жоспарлау керек. Газ бен бензинді кім алады, қайда жөнелтеді? Жанармай облыста емес, басқа жаққа сатылса, шара қолдану керек. Мұны осылай қалдыруға болмайды. Бәрі біткен соң шара қолданудың не керегі бар?». Үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаев осылай деп мәлімдеді.

(Жалғасы 2-бетте)

САҢЛАҚ

ҚАҚПАШЫ



(Жалғасы 7-бетте)



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
52,30

DOLLAR
314

EURO
339

РУБЛЬ
5,6

ҚЫЗЫҚТАРЫ



(Жалғасы 2-бетте)

2

АЗАМАТТЫҚ
АЛҒЫСЫ
КЕЛСЕ...

4

КӨКСАҒЫЗДАН
АЙЫРЫЛЫП
ҚАЛМАЙЫҚ

ЖӘНІБЕКТИҢ
ӘНІ

5

АЛАТАУДЫҢ
ЕТЕГІНДЕ
АЛЫП ҚҰС

6

on the web
JASQAZAQ.KZ

Үкімет



ЖОСПАРЛАЙ БІЛГЕН ЖАҢЫЛМАЙДЫ

(Басы 1-бетте)

Үкіметтің кезекті жиынында жанармай тапшылығын жою бойынша алдын ала жұмыс өткізуді тапсырды.

Ақтөбе облысының әкімі Бердібек Сапарбаев пен энергетика министрі Канат Бозымбаев аймақтағы сұйық отын тапшылығының алдын алу шаралары туралы есеп берді. Ақтөбе өңірінің әкімі «Соңғы екі күн осы мәселемен айналысып жатырмыз. Кеше «Ақтөбемұнайгаз» компаниясынан 800 тонна газ алдық. Газ сатумен айналысатын мекеме қолда бар газды сатпай отыр. Біз прокуратураға және бюроға тапсырдық. Қазір қажетті шара қолданылып жатыр. Бүгіннен бастап біздің облыста еш қиындық болмайды деп ойлаймын», — деді. Ал Канат Бозымбаев Ақтөбе облысында тіркеуден өткен төрт газбен қамтамасыз ететін компания барын айтады. Оның сөзіне сенсек, облыста министрліктен 5 200 тонна газ бөлінеді. Мұны компаниялар алып, облыста сатады екен. Наурыз айында 5 мың тонна газ алған. Энергетика министрі «оны

қайда жібергенін тексеру керек», — деп отыр. Тіпті сол үшін Ақтөбе облысына екі лауазымды тұлғаны жіберген. Үкімет басшысы елімізде жанармай тапшылығы жылда болып тұратынын айтты. «Бұл мәселе биыл ғана туындап тұрған жоқ. Жыл сайын не газ, не бензин жоқ. Бәрін жоспарлау керек. Газ бен бензинді кім алады, қайда жөнелтеді? Әкім айтқандай, жанармай облыста емес, басқа жакка сатылса, шара қолдану керек», — деді ол. Естеріңізге сала кетейік, осы аптада ақтөбелік жүргізушілер тағы да газдан тарығып отырмыз деп хабарлаған еді. Артынша облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы «Ақтөбеде газ тапшылығы жоқ. Газ таратушы мекемелер алдын ала төлем жасау үшін өзге мекемелермен келісімге отырып, талондық режимге көшкен», — деп ақталды. Ақтөбе қаласында бір аптадан бері газ тапшылығы мәселесі шешімін таппай тұрған болатын. Осыған орай әкімдік пен газ өңдеу компаниялары бас қосып, қосымша 570 тонна сұйытылған отын бөлуге келісті.

(Өз тілшіміз)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

70

млрд теңге. Елімізге ұрлықтан осынша шығын келген

60

млрд теңге. Көктемгі еріс науқанына бюджеттен бөлінген қаржы

150

млн теңге. Ақтөбеліктер алаяқтың арбауына түсіп қалды

Сөз-Жебе

Жақып АСАНОВ,
Бас прокурор:

«Ұрлық деген біздің мемлекетке үлкен шығын келтіріп отыр. Бүкіл қылмыстың 64 пайызын қамтиды. Жаппай ұрлықты тоқтатпай, мемлекет ешуақытта дамымайды. Ал енді қалай күресу керек? Оған арнайы Американы ашудың қажеті жоқ. Велосипед ойлап табудың да қажеті шамалы. Дүниежүзінде озық тәсіл жеткілікті. Соны біз сауатты пайдалануымыз қажет. Адам малын, басқа мүлкін қалай қорғау керек? Соны әр отбасыға, әр азаматқа түсінікті де жеңіл тілмен жеткізгеніміз абзал. Қазіргі ұры бұрынғыдай емес. Өзгерді, өте қу. Біз де қоғам болып, сол қулығына тосқауыл қоя алатындай, дайын отыруымыз қажет»

Оқиға

ҚЫЗЫЛ СУДЫҢ
КЕСІРІ

Сырдария өзенінің арнасынан асуы қызылордалықтарды әбден әбігерге салды. Малы қырылып, шаруа қожалықтарын су шайып кетті. Әсіресе, Қазалы ауданындағы жағдай мүшкіл. Мұнда бірнеше елді мекенді су басты. Ал Сырдария өзенінің арнасынан асуына Басықара су торабындағы мұз кептелісі себеп болған.

Ең бастысы, ауыл тұрғындары дін аман. Алайда біраз мал құтқарылмай қалды. Әсіресе, сайда орналасқан қоралар түгелдей су астында қалған. Облыстық төтенше жағдай департаментінің хабарлауынша, Қармақшы ауданындағы Абыла ауылында біраз қой қырылыпты. Біразын тікұшақпен алып кеткен. Қазалы ауданындағы Басықара, Сарыкөл және Құмжиек ауылдары зардап шекті. 23 адам қауіпсіз жерге

көшірілді. Ол жактан да адамдарды тікұшақпен тасыған. Аудан орталығымен байланыстыратын жолдарды су шайған. Апат аймағындағы ел-жұрт мамандардың алдын ала ескерту жасамағанына қапалы. Алайда шенеуніктер мұз еритін уақытта қауіпті аймақта қалмау керектігін ескерткенбіз деп отыр. Мамандардың сөзіне сенсек, бүгінде өзен арнасындағы су деңгейі айтарлықтай төмендеген. Облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы Серік Сермағанбетов қырылған мал есепке алынса, шығын өтеледі деп сендірді.

Полиция көлігінің үстіне шығып, селфиге түскен азамат 10 тәулікке қамалды. Бұл туралы Павлодар облысы мамандандырылған әкімшілік сотының баспасөз қызметі хабарлады.



Сарсаңға салған селфи

Тосын оқиға осы жылдың 25 наурызында Павлодар қаласындағы Қайырбаев көшесінде орын алған. Ашы суға сылқия тойып алған 23 жасар азамат көліктің үстіне шығып түскен суретін әлеуметтік желіге салған. Оның әдепсіз әрекеті көптің назарына ілігіп қана қоймай, сынға ұшырады. Соңғы

уақыттары селфиге түсем деп сау басына сақина тілеп жүргендер көбейіп барады. Биылғы жылдың өзінде көптеген оқыс жағдай тіркелді. Атап айтсак, Костанай қаласында бойжеткен селфи жасап жатқан сәтінде мұз жарылып, су астына түсіп кетті. Абырой болғанда, сол маңда жүрген балықшылар оны құтқарып қалды.

Әңгіменің ашығы

Ирина СМЕРНОВА, Мәжіліс депутаты:

«Қазіргі кезде білім және ғылым министрлігі ҰБТ-ны ұйымдастыру жұмысын мектепке жүктейді. Ұстаз түлектерді жинап, емтихан өтетін жерге дейін көлікпен жеткізуге, оларды тамақпен, тіпті қонақүймен қамтуы тиіс. Ал аттестат алған түлек мектеп оқушысы болып табылмайды. Бала қолына аттестат алған соң оның мектепке еш қатысы жоқ. Бұл мұғалімнің міндеті емес. Әрі тестілеу кезінде ұстаз еңбек демалысында болады. Оларды демалыстан шақырып ала ма? Осы мәселеге байланысты мұғалімді ҰБТ-ны ұйымдастыру міндетінен босату қажет деп санаймыз. Сондай-ақ ҰБТ қорытындысы бойынша мектеп рейтингін құру тәжірибесін доғарған дұрыс»

Әлеумет.t⁰



Қазақстан азаматтығын алғысы келетіндер қазақтың мәдениеті мен тарихынан, сондай-ақ мемлекеттік тілден емтихан тапсыруы тиіс. Бұл жергілікті халықтың тілін түсінбеу немесе қалыптасқан дәстүрді білмеуден туындайтын жанжалдарды болдырмау үшін керек.

Гуманитарлық және экономикалық дағдарыстан, азаматтық соғыстан қашудың нәтижесінде экономикалық мигранттар мен босқындар

нормалар қарастырылуы тиіс. Атап айтқанда, республика Конституциясы, Қазақстанның мәдениеті мен тарихы, мемлекеттік тіл жөнінде және тағы басқалары.

Әрине, кейбір бөлек топтарды мұндай емтиханнан босатуға болады (*Қазақстанда туғандар, елімізде жақын туыстары барлар, оралмандар, инвесторлар, ғылым мен техникалық ірі мамандар және т.б.*). Бұл ұсыныс ешкімге ешқандай дискриминация

АЗАМАТТЫҚ АЛҒЫСЫ КЕЛСЕ...

жаппай ағылып жүр. Еуропа тәжірибесі көрсеткендей, жағдайы мүшкіл мемлекеттерден қашып келетін адамның саны артып, миграциялық ағым апатты үрдіске айналды. Оларды қабылдайтын елдердің бюджетіне қосымша шығын келіп, денсаулық сақтау мен әлеуметтік қамтамасыз етуге жүк түсіп, жұмыссыздық артып, қылмыстық жағдай нашарлап кетуде. Оның үстіне өзге тіл, мәдениеті және этникалық құрамы жат елдерден мыңдаған мигранттардың бақылаусыз келуі қабылдаушы елдердің ұлттық бірегейлікті сақтауына қауіп туғызады.

Сондықтан еліміз жақын аймақтардан қашқан босқындар үшін қызығушылық туғызуы мүмкін. Осыны ескеріп, елімізде миграциялық дағдарысты күтпей-ақ, оны реттеу мен қазақстандық бірегейлікті қорғау жөнінде алдын ала шараларды қолға алу қажет деп есептейміз. Ең алдымен, заннаманы Конституцияға сәйкестендіру аясында азаматтық туралы заңда Қазақстанның азаматтығын сұраушылардың емтихан тапсыруы туралы

білдірмейді. Бірақ оларға біздің халық пен мемлекетті құрметтеуге тура келеді.

Азаматтыққа құқық алу үшін емтихан тапсыру Австралия, Австрия, Германия, Канада, Нидерландтар, АҚШ, Израиль, Оңтүстік Корея сынды көптеген елде қолданылады. Оның үстіне мұндай емтиханды тапсыру негізінен ақылы болғандықтан, бюджетке ешқандай жүк түспейді. Кейбір мемлекеттерде емтиханды азаматтық алғысы келгендер ғана емес, сонымен қатар еңбек мигранттары немесе ұзақ мерзімге виза алушылар да тапсырады. Мысалы, Голландия мен Ресейде. Оның мақсаты — тілді түсінбеу немесе қалыптасқан дәстүрді білмеуден туындайтын жергілікті халықпен жанжалдарды болдырмау. Біздің ойымызша, ұсынылып отырған бастама конституциялық реформаға сәйкес келеді.

Азат ПЕРУАШЕВ,
Мәжіліс депутаты
(Депутаттық сауалынан)



Мәселе

(Басы
1-бетте)

Шын мәнінде, олай емес. Бұл кадам ең алдымен тұралап қалғандарды тік тұрғызып, еңсесін көтеру үшін керек. Ақмола облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Қасым Итқұсовтың айтуына қарағанда, облыста қазір асылтұқымды мал шаруашылығын дамыту барысындағы кооперативтерді құру біршама дұрыс жолға қойылған. Өткен жылы 16 мың

— Егін орағының уақытылы аяқталмайтындығы да осы себепті, — дейді ел ақсакалы Аманжол аға, — көктемгі егісті кеш аяқтайды. Көк егін күзге дейін піспейді де ораққа кеш түседі. Өзінде болмаған соң өзгенің өз егінін орып алғанын тосады. Ол алып бітіргенше не заман? Жалғыз егін ғана емес, мал шаруашылығында да мәселе тұнып тұр. Шөк жұлдыздай шағын ғана ауылда Аллаға шүкір, мал басы баршылық. Жетпіс үйдін ортасынан екі табын қара мал, екі отар

Жә, болмаса көршінмен келіс, ағайыныңмен аралас. Қалай болған күнде де кооператив құрудың зор пайдасы бар.

Ал бірлігі қашқан жердің берекесі бола бере ме? «Жас қазақтың» қосынына жанайқайын ала келген Аманжол ақсақал ел жайына елендеген. Соңғы жылдары табиғаты тамылжыған



ұсақ шаруашылықтар біріктіріліп, 185 кооператив құрылған. Соның арқасында олар 2016 жылы 800 миллион теңге көлеміндегі мемлекеттік қолдауға ие болған.

Міне, кооператив құрудың тиімділігінің бір парасы осы. Айтпақшы, кооператив сүт, ет, жеміс-жидек және көкөніс жинау тәрізді бағыт бойынша да құрылады. Осы бағытта облыста 2017 жылы 180 мал бордақылау алаңы және 18 сүт қабылдау орны жоспарланған. Қазір осы бағытта жұмыс жүргізіліп жатыр.

Жоғарыда айтқанымыздай, ел ішінде түсіндіру жұмыстары аз жүргізілгендіктен, жалпақ жұрт жақсылықтың жайынан толық хабардар болып отырған жоқ. Мысалы, облыс орталығынан таяқ тастам жердегі Зеренді ауданындағы Кенөткел ауылында 70 отбасы бар. Осы жетпіс отбасылы ауылда 21 шаруа қожалығы мен 1 жауапкершілігі шектеулі серіктестік тіркелген. Ел ақсакалы Аманжол Ахметжановтың айтуына қарағанда, қолында не



бір трактор, не бір комбайн жоқтар да егін егуге құмар. Көктемде егіп бер деп біреуге жалынса, күзде орып бер деп екінші біреуге жалынып жүреді. Ал техникадан жүрдай дикан агротехникалық шараларды талапқа сай өткере ала ма? Күші жетіп, ойындағысын орындай алмаған соң, егістік жер бүлініп, кейбір алқаптарды арамшөп басып кеткен. Жана техниканы ырымға таба алмайсыз. Бәрінің ортасында әбден тозығы жетіп, қанқасы ғана қалып, құр жанын сүйретіп жүрген жеті комбайн бар. Шағын шаруашылықтарға өкпе жоқ. Серіктестіктің меншігіндегі үш комбайн бірігіп, бір күн жүрмеген көрінеді.

асылдандыруға мүмкіндік туар еді. Тек соны ойлап отырған адам аз. — Мәселен, — дейді Ерейментау ауданының әкімі Ермек Нұғыманов, — егер кооператив болып ұйымдасса, мемлекет тарапынан көрсетілетін көмек өте зор. Алты миллион теңгеге бір трактор сатып алсаңыз, елу пайызын мемлекет өтейді. Қырық мың теңгеге тыңайтқыш алсаңыз, жартысы мемлекеттің есебінен. Негізі, бұл ұмтылыс ауылдағы тұралап қалған шаруашылықты құлағынан тартып көтеріп алу үшін жасалып отыр. Қазір Ерейментау ауданында халықпен жұмыс жүргізіп жатырмыз. Тіпті ата-ата болып, ру-ру болып бірігіңдер деп те айтып жатырмыз.

Қошқарбай тауының қойнауындағы Кенөткелдің байырғы тұрғындары аудан орталығы Зерендімен, әлі жеткені Көкшетау қаласына бет түзеп қазықтарын суыра бастапты. Ал көшіп келген жалғыз өзі ғана екен. Баласына үй салып беріпті. Ұзақ жылғы тәжірибесіне сүйеніп, ауылдын ажарын әрлендіруге атсалыспақ. Алғашқы беттегі үй жыққандай екпінінің беті қайтып қалыпты.

— Мектеп жабылудың аз-ақ алдында тұр. Қазір 38 бала білім алып жатыр. Бірақ ішетін суы, бір мезгіл берілетін ыстық тағамы жоқ. Тар болғандықтан, екі сыныпты бір бөлмеде оқыта береді. Дене шынықтыру сабағы жүргізілмейді. Жалғыз клубтың төбесі жартылай күйіп кеткен. Жарты жыл болды қаңырап әлі бос тұр. Енді осы шаруа түзелу үшін бірлік керек емес пе, әйтпесе, жаяудың шаңы, жалғыздың үні шыға ма? Ауылдағы 24 бастықтың басын қосып, кооператив құратын кісі жоқ. Бір қызығы, осы ауылға дәл іргеде тұрса да аудан, облыс басшылары келе бермейді. Мен ел жайын айтып облыстың бұрынғы әкімі Сергей Кулагинге үш рет хат жаздым. Ештеңе шықпады, — дейді Аманжол Ахмеджанов — ал селолық округ әкімінен қайыр шамалы. Оның өзі есеп берген жиналысына он адам жинала ма, жиналмай ма.

Міне, кооператив не үшін қажет. Мал сүмесімен күн көріп отырған ауыл адамдарының маңдай тері түгел, толайым болмаса да, ішінара ақталар еді. Айталық, кооперативке біріккен шаруа қожалықтары әр литр сүт үшін, әр келі ет үшін қосымша субсидия алмақ. Мандай тер, табанақысымен өндірілген өнімді өңдеуге де жол ашылар еді. Әрі мемлекеттің көмек-қолдауы бірді-екілі малы барға емес, кооперативке ұйымдасқанға беріледі ғой.

— Жылдық өсімі 6 пайыздан аспайтын несиеге ие болады, — дейді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Қасым Итқұсов, — егер тана-торпағын 360 келіге жеткізіп берсе, әр басқа 20 мың теңгеден қосымша ақы төленеді. Әр литр сүт үшін 10 теңгеден субсидия беріледі. Біріккен соң бірлесіп техника алуға да мүмкіндік туады. Мал басын асылдандырудың, мал өнімдерін көбейтудің ең өте жолы осы.

Жаксылықтан хабарсыз, бұйығып жатқан жалпақ жұрт кооперативті тіршіліктің зілмауыр салмағы артылған арбаға атан өгіз бен көкбақа бұзауды парлап жегу деп ұғып жүр. Бұл олай емес, көкбақа бұзауды атан өгізге жеткізіп, өмірдің өз жүгін өрте сүйреу.

Байқал БАЙӘДІЛОВ,
Ақмола облысы

ҚОҒАМ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



3

Аптаның алаңы



Әли БЕКТАЕВ, Сенат депутаты:

«Құрамында ГМО бар шетелдік өнім адам өміріне қауіпті. Соған қарамастан отандық нарыққа еркін енуде. Бұл ГМО-ны анықтайтын арнайы зертхананың жеткіліксіздігінен орын алып отыр. Оған қоса, азық-түлікпен қатар ГМО-ны қолдану технологиясы – тұқым, тыңайтқыш, химикат түрінде әкелінуде. Ал оның топыраққа тигізетін залалы айтпаса да түсінікті»

Қылмыс

Валюта бағамының тұрақсыздығын пайдаланған алаяқ ақтөбелік азаматтарды тақырға отырғызды. Осы аптада 150 млн теңгені қалтасына басқан азаматқа байланысты сот үкімі шықты.



Ақтөбе облыстық сотының баспасөз хатшысы Илизада Досова хабарлағандай, 51 жасар Жанарбек Ақманов доллар курсының өзгеруіне байланысты түрлі әдіс-айласымен пайда табуды көздеген. Ол өз таныстарына шетелдік валютаны

Бір келіншектің 50 млн теңгесін қайтармаған. Ол тіпті өзінің жиен қарындасын да құрығына түсіріп, 25 мың долларын қолды еткен. Соттың шешіміне сәйкес, Жанарбек Ақманов 6 жыл 8 айын темір тордың арғы бетінде өткізеді.

– Мәдениет және спорт министрлігінің ресми сайтында әйгілі Рианнаның Астанада өнер көрсететіні туралы ақпарат жарияланды. Бұл қаншалықты рас?



Сауалы

Аптаның

Жауабы



Арыстанбек МҰХАМЕДИҰЛЫ, мәдениет және спорт министрі:

– «Рианнаның концертін ұйымдастырмаймыз. Біздің сайтта (министрліктің) ол туралы жазылмаған. Бұл техникалық қателік шығар. Бұлай болуы мүмкін емес. Біз Димаш Құдайберген, Қанат Ислам, Ла Скала, Пласидо Доминго және тағы да басқалардың кешін ұйымдастырамыз. Рианнаның бізге не қажеті бар?»

Белес

ҚАЗАҚТЫҢ
АЛТЫН ДАУЫСЫ



Біртуар талант иесі Димаш Құдайбергеннің суреті АҚШ-тың Нью-Йорк қаласындағы Times Square алаңындағы ең үлкен LED-экранға шықты.

Талқы

«Аудан, қала тұрғындарының барлық санат бойынша медициналық сақтандыру жүйесіне кіруі маңызды. Сақтандырылған азамат статусын қалай алу керектігі жөнінде дұрыс түсіндіріп, әрбір отбасына аталған ақпараттың жетуін қамтамасыз ету керек». Бұл туралы денсаулық сақтау вице-министрі Алексей Цой Алматы облысындағы жұмыс сапары барысында айтты.



САҚТАНДЫРУ
ҮШІН ТҮСІНДІРУ
КЕРЕК

Талдықорған қаласында өткен басқосула әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің негізгі қағидалары түсіндірілді. Өңір тұрғындарын медициналық сақтандыру жүйесі жайында ақпараттандыру жөнінде тапсырма берілді. Вице-министр «Біз медициналық қызметтің саны жағынан да, қаржы жағынан да артуын күтіп отырмыз. Тариф саясатын қарастыруға дайынбыз. Ақпараттық жүйелер арқылы тиімділікті бақылаймыз. Медициналық сақтандыру жүйесіндегі бәсекелестіктің күшейетінін ескере отырып, бағанын өздігінен реттелетінін ұмытпау керек», — деді.

Сонымен қатар ол халыққа қызмет көрсетудің үлесі артып, кедергілердің жойылатындығын да ескертті. Мекеме басшылары да өз кезегінде министрліктің барлық бастамасына қолдау білдіріп, көптеген мәселені талқылауға дайын екендігін жеткізді.



Сұхбат

— **Көмила ханым, көксағызға қайта оралсақ...**
— 2002-2006 жылдары жүргізілген жан-жақты

зерттеу әлемде табиғи каучук тапшылығы болатынын анықтады. Сондықтан Еуропа комиссиясы біздерге, яғни әр елдегі үйлестірушілерге гевеяның баламасын табу жөнінде ұсыныс тастады. Кезінде КСРО-да табиғи каучуктын көксағыздан, ал Америкада мексикалық гваюладан алынғаны белгілі. Ендігі кезде осы мәселемен айналысатын ғалымдарды табу қажет еді.

Мен кітапханаларды шарлап, көксағыз туралы дүниелерді жинадым. Еліміздегі барлық ғылыми-зерттеу институты мен университеттерге екі жүзге жуық хат жібердім. Тау сағызды зерттеумен айналысып жүргендерді таптым. Білім және ғылым, ауыл шаруашылығы министрлігіне, түрлі аграрлық институт пен агенттікке өтініш жасадым. Ғылым академиясы кітапханасынан академик К.Мынбаевтың соңғы монографиясын тауып алдым. Бірақ көксағызды зерттейтін бірде-бір ғалымды жолықтыра алмадым. Чехия ғылым академиясының профессоры Ян Кишнер Петербордағы бір әйел ғалымды айтты. Бірақ біз жеткенше, ол кісі қайтыс болды.

Мен елімізде көксағызды зерттеумен айналысатындарды іздеуге екі жылымды (2006-2008 жж.) сарп еттім. Әлбетте, біздің InExCB-KZ сарапшылық-консультативтік кеңестің тең құрылтайшыларынан да жәрдем сұралды. Бұл — Еуропа одағы Шенберлі



Көмила МАҒЗИЕВА:

КӨКСАҒЫЗДАН АЙЫРЫЛЫП ҚАЛМАЙЫҚ

бағдарламасының ұлттық үйлестірушісі қызметін жүргізу үшін менің және ҚР ҰҒА-ның атақты алты академигімен бірлесіп құрылған кеңес. InExCB-KZ кеңесін біз 2002 жылы құрдық. Тұңғыш директорымыз — академик Салық Зиманов. Тең құрылтайшылардың біреуі ботаник-тамыршы болғандықтан, маңызды еуропалық жобаға атсалысуды соған тапсырдық. Рұқсат етсеңіз, мен ол кісінің есімін атамай-ақ қойайын.

— **Жаксы. Сонда бұл Кеңес нақты немен айналысты?**

— Біз ЕО Шенберлі бағдарламасының грантын алуға ғалымдарға қолдау көрсетеміз. Байқауларды табамыз, қажетті құжатты дайындауға көмектесеміз. Айта кетейін, біздің Кеңес жұмысын бастағалы отандық ғалымдар жалпы сомасы 30 млн еуроны құрайтын 300-ге жуық грантка қол жеткізді. 24 жылдың ішінде Қазақстан ғылымына қомақты үлес қосылды, солай емес пе? Сол гранттардың арқасында 90-жылдары Генетика, География және Зоология ҒЗИ жабылмай аман қалды. Дәл сол гранттар жеке зерттеу институттарын ашуға ықпал етті.

Ал егер осы 30 млн еуро менің есепшотыма түсіп, ол қаржыны онды-солды таратсам, мені қолдан түсірмей, марапатқа кенелер едім, бәлкім. Ондай жағдайда ғалымдарға түк тимейтін еді. Бірақ Шенберлі бағдарламаның қатан ережесі қаржыны институттың банктегі есепшотына аударуға мүмкіндік береді. Өйткені жобаға жеке тұлға емес, заңды тұлға ғана қатыса алады. Институт басшылығы жобаның орындаушысы кім екенін, оған қай кезде қанша төлеу керектігін біліп отырады.

— **Көксағыз бойынша әлгі тамыр зерттейтін академикпен жұмыс істей бастадыңыздар ма?**

— Иә. Ол көксағыздың маманы болмаса да, тамыр жүйесі туралы біледі. Жинақталған әдебиет те оған көмек болар еді. Оның үстіне, жобаға ірі еуропалық ғалымдар тартылды. Тек бекітілген бағдарламаны орындау қалды. Біз оған қажетті материалды бердік. Еуропалық серіктестерімен өзім хат жазысып тұрдым. Голландияда өткен алғашқы кездесуге бірге барып, аудармашысы болдым. Жобаның алғашқы кезеңіне арнап оған ақша аударылды. Айта кетейін, қаржы жоба қатысушысының жеке есепшотына тікелей жіберіледі. Сөзін қысқасы, олар жұмысты аяғына дейін жеткізген жоқ. Алғашқы жылдың бюджетін тексергенде, қаржының ғалымдарға емес, отбасы мүшелеріне таратылғаны анықталды. Сондықтан еуропалық топ оны командадан шығарды. Қазақстандық компания міндетті түрде қатысуы керек болғандықтан, жобаға маған кіруге тура келді. Бірақ қаржысыз.

— **Солай болғаны дұрыс та шығар?**
— Олай емес едім. «Тамыршы» қалтаға басқан ақшаны өзім өтедім ғой.

— **Неге? Жауапқа тартуға болмады ма?**
— Енді тең құрылтайшымен соттаспаймын ғой. Еуропада еліміздегі байланыстың бәрі мен арқылы өткендіктен, жауап беретін де мен деп тапты. Енді қайтемін? Ел намысы...

ГАЗЕТИМІЗДЕ «КӨКСАҒЫЗДЫҢ КЕРЕМЕТІ» (№9 03.03.2017) ДЕГЕН ТАҚЫРЫППЕН МАҚАЛА ЖАРИЯЛАНЫП ЕДІ. ЭКОНОМИКАНЫ ДИВЕРСИФИКАЦИЯЛАУҒА СЕПТІГІН ТИПІЗЕ АЛАТЫН ОСЫ ТАҚЫРЫПҚА ҚАЙТА ОРАЛЫП, ЖУРНАЛИСТ СЕРІК МӘМБЕТОВТІҢ КӨКСАҒЫЗ МӘСЕЛЕСІМЕН АЙНАЛЫСЫП ЖҮРГЕН КӨМИЛА МАҒЗИЕВАДАН АЛҒАН СҰХБАТЫН ҰСЫНЫП ОТЫРМЫЗ.

— **Ал әлгі «тамыршы» ше?**
— Біздің көксағыз туралы идеямыз қолды болды. Осы идеямен, білуімше, ол Дүниежүзілік банктің грантын алуға өтініш жасады. Еуропалық жобадағы материалдарды орыс тіліне аударғанда биолог болмағандықтан біраз қате жіберіп алдым. Жоба сол қатесімен Дүниежүзілік банкке кетіпті. Қызық. Мен сол жерден көрдім жобаны.

Кейінірек сол кісінің тобы беделді қазақ басылымында мақала жариялапты. Біздің АҚШ-тағы әріптесіміз Кэтрин Корништің ақпаратын нашар аударған екен. Бірақ менің шаруам не? Маған сол кездегі жүйкемді жұқартқаны да жетеді.

— **Ал қазір жағдай қалай болып жатыр?**
— Консорциум жұмыс істеп тұрған 8 жыл ішінде көксағыздың жана сортын алдық. Олар өсімдік тамырындағы рэзінкенің үлесін көбейтуге мүмкіндік береді. Интеллектуалдық құқығымызды қорғайтын патент, сауда маркасын иелендік. Қазақтың мықты көксағызшы-агрономдарын тәрбиелеп шығардық. Голландиядағы серіктестеріміз ұсынған жоғары сапалы тұқымның негізінде тұқым қорын құрдық. Осы серіктестерімізбен бірлесіп өнеркәсіпке жарамды түріне қол жеткізбекпіз. Бәлкім, кейін оны мемлекет бізден сатып алар. Өйткені бұл — стратегиялық өнім, еліміздің экономикасы үшін аса маңызды.

— **Түсінуімше, егер миллион гектарға көксағыз өсіргісі келетін инвестор табылса, голландиялық серіктеспен бірге сіздер бір тарап боласыздар ғой?**

— Иә, дәл солай. Әйтсе де, әзірге миллион гектарға отырғыза алмаймыз. Биыл 2 гектар жерге ексек, келесі жылы 25 гектарға жетерлік тұқым аламыз. Үшінші жылы Голландияда байытылған жана тұқыммен ірі зауытты немесе әр егістік шетіне салынған бірнеше шағын зауытты қамтамасыз етер едік. Ал егер қазір қаржы табылса, биылғы жылдың соңында каучук өндірісінің алғашқы технологиялық желісін іске қосар едік. Сонда келесі жылдың басында халықаралық сапа сертификатына қол жеткіземіз.

— **Осы пилоттық технологияны қамтамасыз ету үшін қандай көлемде қаржы керек?**

— 3,5 млн еуро. Ал қазір тұқым себу науқанын жіберіп алмас үшін 29 млн теңге қажет. Сонда 2018 жылы біз бүкіл еліміздегі өнеркәсіпті қамтамасыз ететін шикізат аламыз. Біздің каучук бағасы жағынан бәсекеге қабілетті, анағұрлым арзан болмақ. Ресейлік жабдықтаушылардан каучук сатып алатын отандық өндірушілерге арзанға түсері анық. Тиісінше, одан шығарылатын өнім де арзандайды. 5 жылдың ішінде біз аяқ киім, арнайы жұмыс киімі, биалй шығаратын отандық өндірушілердің мұқтажын өтеп, әлемдік нарыққа қазақстандық брендпен шыға аламыз. Жобаға шамамен 1 млрд теңге қажет.

Біз жылына 500 тонна каучук өндіргіміз келеді. Оның басым бөлігі (450 т) экспортқа шығарылады. Ол үшін бізге 2500 гектар жер керек. Бірақ Бетпақдалада емес, Алматы немесе Оңтүстік Қазақстан облыстарында. Армандап көрейініші. Айталық, жаксы серіктес-өндіруші тапсам. Инвестор қазақтарды тапсам. Біздің үкімет жобаға қолдау білдіріп, оның елімізде немесе өзге бір елде коммерциялануын талап етеді деп консорциумда мәлімдесем. Сонда үш жылдың ішінде пилоттық жобаны жүзеге асырамыз. Екі жылдан соң елімізде өндірілген табиғи каучук ТМД елдері

«ҚазТрансОйл» АҚ еліміздегі отандастарымызды жұмыспен қамтамасыз етіп отырған ірі кәсіпорынның бірі. Компанияның өндіріс орындары еліміздің барлық аймақтарында дерлік орналасқан. Олардың басым бөлігі елді мекендерден қашықтықта орналасқан. Соған қарамастан кәсіпорынның техникалық жүйесі біркелкі

Құжат

ҚАУІПСІЗДІКТІҢ «АЛТЫН» ЕРЕЖЕЛЕРІ

әрі өндіріс нысандары үзіліссіз қызмет етуде. Әр нысанның жүйелі түрде қызмет етуі ел экономикасымен тікелей байланысты.

Компания өндіріс, өрт қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға ерекше көңіл бөледі. Сондықтан да қауіпсіздік пен еңбекті қорғау саласында «Алтын ереже кодексі» әзірленіп, бекітілді. Аталған құжат «ҚазТрансОйл» компаниясының қызметкерлері мен бірге өндіріс нысандарына келіп кетуші мердігерлерге де таралады. Бір сөзбен айтқанда, егер сіз компанияның өндірістік нысандарын аралауға бел бусаныз, онда міндетті түрде Кодекс ережелерін сақтау тиіссіз.

Алтын ережелер дегеніміз — компанияның өндірістік нысандарында аса қауіпті жұмыстарды жоспарлау әрі орындау кезіндегі қауіпсіздіктің негізгі талаптары.

«ҚазТрансОйл» компаниясының бас директоры (*Басқарма төрағасы*) Димаш Досановтың айтуынша, Алтын ереже әр қызметкердің жұмыс орнында қауіпсіздікті сақтауға, өндірістік жаракаттан абай болуға бағытталған. Сондай-ақ, қауіпсіздік пен еңбекті қорғау саласындағы корпоративтік мәдениетті көтеруге ықпал етеді. Ал қауіпсіздік өз кезегінде компанияның өндірісі мен қаржы көрсеткішіне тікелей әсер етеді. Бұл ереже жұмыс орнындағы окыс оқиғаларды алдын алып, адами фактордың кесірінен болатын жайтты барынша азайтуға мүмкіндік бермек.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, компанияның көптеген өндіріс орындары елде мекендерден жырақ жерде орналасқан, әрі кейбір аудандар күрделі климаттық жағдайларға ие. Персоналға жұмысты орындау кезінде қауіпсіздік шараларын толықтай орындауға қолғабыс ету біздің басты міндеттеріміздің бірі, — деп Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбек қорғау департаменті директорының орынбасары Жанна Нұржаупова сұхбат барысында түсіндірді. Жанна Бейбітқызының сөзінше

нарығына шығады. Содан кейін біздің серіктестер, еуропалық шина өндіруші компаниялар, Аполло, Митас, Пирелли келіп, шина зауыттарын тұрғыза бастайды.

Оған қоса, қант өндіретіндер, мысалы, ТЕРЕОС елімізге келіп, көксағыздан қант және инулин өндіретін зауыт салады. Қаншама жұмыс орындары ашылады, жана қалалар бой көтереді. Арманым күшті, ә?

Бірақ бұл — орындалатын арман. Ең бастысы, екі аптадан соң тұқым себуді бастап, келесі жылы кішкентай зауыт ашу керек. Мен бұл жобаны өз елімде, қазақ серіктестермен бірге, қазақтың қаржысына жүзеге асырсам деймін.

— **2018 жылға дейін үлгермесеніз ше?**

— Жоба бәрібір коммерцияланады. Өйткені одан түсетін пайда орасан!

Еуропада немесе Америкада 2-3 жылдан кейін стратегиялық маңызды, жана индустрия пайда болуы мүмкін. Сол кезде біз де бразилиялықтар сияқты басқалардың тапқан пайласына қарап, сілекейіміз шұбырып отырамыз. Ал жабайы көксағызды қараусыз қалған даладан ерінбегеннің бәрі, канадалықтар, қытайлар, жергілікті пысықайлар әкетіп жатыр. Кеденде де ешкім тексермейді.

— **Қытайлар да қызығатын шығар?**

— Олардың зерттеуге мүмкіндігі шамалы. Тек дайын технологияны алғысы келеді. Көксағыздың қас жауы — қой. Жылқы көксағызға жоламайды. Сиыр да. Ал қой тамырымен жұлып алып, түк қалдырмай жаймайды. Біз екі жылда бір көксағыз өсетін аймақта мониторинг жүргіземіз. Көксағыз өсетін жер азайып барады.

— **Еліміз жылына 50 тонна каучукты сырттан әкеледі делініз. Оны тұтынатын кімдер?**

— Бұл Статистика агенттігінің былтырғы мәліметі. Бұған дейін одан да көп, 70 тоннадан аса каучук әкелетін. Биылай, аяқ киім өндірісіне, дөңгелек жөндеуге керек. Дөңгелек жөндейтін шеберханалар бар, ал дөңгелек шығаратын зауыт жоқ. Біз бұл нарықты өбден зерттедік. Кімге, қанша көлемде каучук керек екенін білеміз.

— **Демек өнімді өткізуде қиындық болмайды ғой?**

— Әлбетте. Бірақ біз халықаралық сапа сертификатын алмасақ, жағдай қиын. Ол еуропалық болуы керек. Каучук өндіру технологиясы да еуропалық. Жергілікті патенттің пайдасы жоқ.

Сұхбаттасқан
Серік МӘМБЕТОВ
(*matrica.kz*)

Мұнай тасымалдау саласында қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етумен қатар, қоршаған ортаны қорғау бағытында маңызды қадам жасалды. «ҚазТрансОйл» АҚ осы саладағы барлық нормалар мен ережелерді бір құжатқа біріктіріп, «Алтын ереже кодексін» әзірледі. Айшықты құжат «ҚазМұнайГаз» АҚ-тың ережелері негізінде жасақталды.

әр қызметкерге жеке қауіпсіздікті сақтауға мүмкіндік беретін арнайы киім-кешек беріледі. Сондай-ақ вахталық әдіс бойынша қызмет ететін өндіріс нысандарының маңында жатақханалар салынып, олар барынша жабдықталған. Қызметкерлерге өндіріс қауіпсіздігі бойынша сан алуан дәрістер оқытылады.



Осының барлығы компанияның бүкіл құрылымдық бөлімшелерінің күнделікті қызметінің ажырамас бөлігі болатын кешенді жұмыс. Қауіпсіздік ережелерін білу және оларды орындау қасқа мен арнайы киім-кешекті киюден әлдеқайда маңызды.

Кодекскті дайындау барысында еліміздің заңнамалық актілері ескерілді. Сондай-ақ компанияның халықаралық тәжірибеге сүйене отырып жасалған ішкі құжатынан да маңызды бөлігі алынды. Егер қызметкерге ережені білу және оны уақытында орындау міндеті жүктелсе, басшылық құрам қауіпсіздікті алдын-ала болжап, тиісті шара қолдана білу тиіс. Мамандардың айтуынша, жоғары қауіпсіздікке ие мұнай құбыр көлігі индустриясында Алтын ережелер ескерілген кезде қандай жағдай болмасын қауіпсіздік көрсеткіштері жоғары деңгейде сақталады.

«ҚазТрансОйл» компаниясының тасымалдау департаментінің бас менеджері Елдос Ибаділдин «Компания қызметкерлері үшін қауіпсіздік саласында бірыңғай құжатпен жұмыс істеу өте қолайлы. Ол өндіріс саласының барлық бағытын қамтиды. Ереже өте жеңіл әрі тез есте сақталады. Сәйкесінше, қажетті уақытта көмекке келеді» — дейді ол.

«ҚазТрансОйл» АҚ Алтын ережені әрбір қызметкер бұлжытпай орындайтынына сенімді. Себебі бұл Кодекс адам өмірін қорғауға арналған. Ал компания үшін әр қызметкер басты капитал болып саналады.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Заң

Конституция — еліміздің Негізгі заңы. Заңның

барлығы Ата заңымыздан бастау

алады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында «Еліміздегі ең қымбат қазына — адам және адамның өмірі, құқығы мен бостандығы» деп көрсетілген.

МЕДИАЦИЯ — ПИЛОТТЫҚ ЖАҢА ЖОБА



Конституциямен баянды етілген адам құқығы мен бостандығын толық қамтамасыз ету үшін еліміздің заңнамалары үнемі жетілдіріліп келеді. Сот саласындағы азаматтық дау, қылмыстық іс бойынша жылдам, тиімді, әділ

шешімге қол жеткізудің баламады жолдары да назардан тыс қалмайды. Осы орайда медиацияға айрықша тоқтала кетейік.

Істі медиация рәсімімен қарау — уақытты үнемдеу, құпиялықты сақтау және екі тараптың да пайласына шешілетіндігімен ұтымды.

Қазіргі кезде медиаторлардың қатысуымен іс тиімді шешілуде. Сот тәртібінде қарастыруға тиіс даудың санын қысқартып, оны шешудің баламады тәсілін қолдану, оның ішінде бітімгершілік рәсімдер — медиация әдісін қолдану адам құқығының әділ сақталуының кепілі.

Медиацияның тиімділігі мынада: дауласушы тараптар қысқа мерзімде келісімге келуге мүмкіндік алады. Іс сот медиациясы тәртібімен аяқталғаннан кейін, мемлекеттік бажа төлеген шығын талапкерге қайтарылады. Дауды сот медиациясы тәртібімен реттеу туралы келісім судьямен бекітілетіндіктен, тараптар дауды жылдам шешуге қол жеткізеді.

Мемлекет басшысының республика судьяларының VII съезінде берген тапсырмасын жүзеге асыру және медиацияны қолдану саласын одан әрі кеңейту мақсатында жеке санаттағы дауды (*жанжалдарды*) медиация тәртібімен сотқа дейін реттеу міндеттілігі бойынша Жоғарғы Сот пилоттық жобаны іске қосты. Оны іске асыру жөніндегі тиісті ереже Жоғарғы Сот төрағасының өкімімен бекітілді.

Жоба шенберінде мұрагерлік, неке бұзу, мүлкті бөлу, шығару және кондоминиум басқару мәселесі, қарыз шарттарға қатысты, кейбір еңбек дауы және т.б. санаттағы дау (*жанжал*) бойынша медиацияны міндетті түрде қолдану қамтылады.

Медиация тәсілін пайдалану — еліміздің әлемнің бәсекеге қабілетті мемлекеттерінің қатарына қосылуға бағытталған маңызды қаламының бірі.

Түркістан қалалық сотында былтырғы жылға 68 қылмыстық іс, 90 азаматтық іс, 9 әкімшілік іс бойынша медиация тәртібімен бітімге келген.

Бибімәрия ПӘТТЕ,

Түркістан қалалық сотының бас маманы,
ҚР «Судьялар одағы» ОҚО филиалының мүшесі

Ару-Ана



— Құлагер, айналайын
тұлпарым-ай,
Бір көрмей тұра алмайтын,
сұңқарым-ай.
Даңқыңа бүкіл адам ғашық
болып,
Бір көрсек деп тұратын
іңқарім-ай...

«Есімінің Жәнібек екенін кейінірек білдім. Жиырмала екен. Жан тебіренген мұндай ғажайып, асқақ дауысты өмірімде бірінші рет естіпін. Жүрегім аттай тулап, қатты алабұрттым. Бірден ерекше баурап әкетті» — дейді апайымыз ағынан жарылып.

Жанары жәудіреп, сонадайдан өзіне үзіліп қарағыштай берген бойжеткен назарын сезімтал балаң жігіт те қалт жібермесе керек.

Қысқасы, әлгі кештегі сырт таныстық біртіндеп Алматының салқын самалы лекіген тұңғық түндеріндегі ұзақ сырласуға ұласады.

Осылайша екі ғашық арала бірер жыл өткенде бас қосып, отау тігуді ұйғарған. Міне, Тоты ханымның өмірі Жәнібектің әуелеген ән ғұмырына, күмбірлеген күй ғұмырына осылайша жалғасады. *(Айта кетейік, жеңгеміздің шын есімі — Тұрар. Ал Жәкең Абай атасының әйелі Шүкіманның есімін Әйгерім деп өзгертіп алғаны секілді, жан жарың Тоты, Тотай деп атап кетіпті. Қазір көпшілік те келе-келе әбден сіңіскен осы атты қолай көретіндей).*

Жиырма жылғы отбасылық өмірде Жәнібектей серінін көңіл ауанын дөп басып, қас-қабағына қарап, кез келген жағдайда сенімді серік бола білген екен...

Жәнібек Көрменовтің «ән академигі» атанған Жүсіпбек Елебекұлының класында тәрбиеленгені мәлім. Әйтсе де ол халықтың түрлі ән мектептерін алаламай, мүмкіндігінше, қанатты кен жаяуға тырысқан. Көптеген шетелдерді аралап, қазақ әнін бірқатар сырт мемлекеттер аспаны астында әуелеткен. Әйтеуір, ұлттық өнер көкжиегін барынша кеңейтуге күш салған.

Өнер адамының зайыбы қосағының



шығармашылық тыныс-тірлігін терең түсінуі де бір ғанибет шығар:

— Қазақ елінде қанша ән дәстүрі болса, соның бәріне дендеп барды. Акселеу Сейдімбек ағасы екеуі жасаған оншақты телевизиялық хабар бар. Сонда білікті маман ретінде Мұхит, Кенен әндері, өзге де халық ақындарының шығармалары, Шәкәрім мен Сәкен мұралары дегендей, бір-біріне ұқсамайтын әр түрлі бағыттағы дүниелерді жан-жақты саралады.

Осылайша, Жәкең бір кезең Қазақ әні әлемінің ұлттық музыка фольклоры зерттеушісі ретінде де танылған екен.

— Әндерді көбінесе архивтерден алатын. 1988 жылы қазақтың үш жүздей әні мәтінін қалпына келтіру бағытында екі томдық антология шығарылды. Міне, осы тұрғыда көп ізденіс жасалды...

Байқауымызша, өнерпаз, халықтың барлық мектептері қырларына терең бойлады дегенімізбен, жанына жакын Арқа ән дәстүріне көбірек ден қойғандай. Сондай-ақ оның өзі туып-өскен өңір мәнеріне, оның ішінде Абайдың өнерпаздық тағылымына жітірек қарауы да, бір себептен, қисынды сияктаналы.

Сөйткен әнші әрі өнер зерттеушісі күндердің бір күнінде сөз өрнегі айрықша, сонымен бірге қаламы әбден төселген жазушы ретінде көрінеді.

Бір қызығы, оның осы қырына жерлестері аса танырқай да қоймағандай. *(Бү тұста бір айта кететін жәйт — Жәнібек Абайдың досы Ерболдың туған інісі — Дүтбайдың шөбересі көрінеді. Сондықтан, ағайындары Шыңғыстау баурайында туып-өсіп, бойына сөз дарыған ұланның қаламға ішкөмілігін заңдылық деп қабылдаса керек).*

— Жазушылығы негізсіз емес, — дейді Тоты тәтеміз де. — Сол ауылдың

Саңлақ әншіі Жәнібек Кәрменов ағамды ойласам, көзіме

Құлагер елестер еді. Иә, кәдімгі Ақан серінің аламан бәйгеде мың сан аттан оқ бойы қара үзіп, мәреге қарай жүйткіп келе жатқанда омақаса құлаған өрен жүйірігі.

Жәнібек те намазшам, намаздыгер арасында армандарына қарай қатты асығып, заулап бара жатып ертоқымнан ауып түскен...

Жәкең үйіндегі Тоты жеңгейден сыр тартып отырғанда білдім, бұ кісі де әншіні ең алғаш осы «Құлагер» әнін шырқаған кезінде көріпті. Сол сәт Сарқандтың тал шыбықтай бұралған он жеті жасар қызы Қазақ политехникалық институтына құжат тапсырып келген беті екен. Түскен үйіндегі алқа-қотан отырыста әлдебір жас әншінің өнеріне қайран қалады.

Жәнібектің әні

Шәкәрім атамызды көрген, Мұхтар ағамызбен үзенгі қағыстырған қарттарын сөзіне зейін қойып өсіпті. Көмен Оразалин деген ағасы қазақ тілі мен әдебиетінен мұғалім болған кісі. Осылардың бәрі ықпалын тигізбей қоймайды. Өзі әкелен алты жасында жетім қалыпты. Көңілін тербеткен мұң да жоқ емес қой. Көкейде тұнған сырды бір мезгіл сыртқа шығармаса ішқұса бола бастар ма еді, кім білсін. Оның үстіне Абай елі ежелден ән мен жырдың бесігіндегі қасиетті өлке. Соның бір бетке шыққан қаймағы да...

Женгеміздің айтуынша, Жәнібекті алған қаламгерлікке итермелеген белгілі ғалым, жазушы Рымғали Нұрғалиев болып шықты. Әнші інісінің бұл жағынан да қаражаяу емесің білетін ол түрлі тақырыптарды жиі ұсынып, қоярда қоймай жүріп жазғызған. Дарынды адам бұл жағынан да қамшы салдыра қоймаған-ау...

Жәнібек Көрменов қаламынан әр жылдарда «Ақылбайдың өні», «Ғашықтың тілі», «Махаббат өні» секілді тартымды әнгіме-хикаят жинақтары туған.

— Алғашқы кітабы 1980-ші жылдары шықты. Түнімен отырып жазатын еді, — деп сыр ағытады апай. — Жәкең ұйықтап қалған кезде ұрланып оқуға құмартушы едім. Кейін: «Әлгі кейіпкерін кім, ол онда неғып жүр, оқиға неліктен солай жалғасты» дегендей сұрақтар қоямын. Сонда: «Жазушының фантазиясы деген болады. Ол кейіпкерді нақ бөлен, тура сол адам деп айта алмаймын» деп жауап беретін.

Тұрар Бәйтелқызы бертінде жолдасының газет-журналдарда басылған мақалалары мен телерадиода жүргізіген сұхбаттарынан тұратын «Әншінің қазақ жетпес бұрмасына» деп аталатын жинағын құрастырып шығарыпты. Ал бұрынырақта жазушы Тұрсын Жұртбаймен бірігіп, «Жәнібек» деген естелік жинағын жариялатқанын білетін едік. Онда әйгілі әншінің жакын араласқан замандастары жүрекжарды лебіздерін білдірген.

Жалпы, халқы Жәкенді көзі тірісінде-ақ ерекше әлпештеген-ді. Айталық, Ғабит Мүсірепов «басқа әншілер бір төбе, Жәнібегім — бір төбе» деп айрықша аялаған.

Мұның мәні сонау он тоғызыншы ғасырдағы сал-серілердің саркытындай, әуен-ырғағы өзгеше әншінің сонау «саф алтын» ескі сарынды мейлінше бұзбай жеткізінде жатқандай. Нақтырақ айтсақ, ол бүгінде жиі айтылатын «заманауи» немесе әуеннен қашып, әннің сіністі қазақы қалпын дәл жеткізуге күш салған. Сонда кәрі құлақ тыңдаушы шығарманың жақсы сақталған ұлттық бояу-нақышына тәнті болып, елтітін тәртізді.

Осы ретте Жәнібек ғұмырының ұлы Мұхаммен де қатыссыз еместігі еске түседі. Бес жасынан ку шыбықты

*СӨЗСЫРҒА

ПРЕФЕРАНС НЕМЕСЕ АҚСЕЛЕУДІҢ ҚЫЛЫШЫ

— Бірде Жәнібек екеуімізді Акселеу Сейдімбек ағамыз шақырды. Анда-санда карта ойнайтынымыз бар еді. Мезгіл кеш болса да, жеңгейге айтып, қазанға өт салдырды. Ойын тағы қызған. Неге екенін, екеуімізді ылғи ұтып жүретін Ақаңның қолы со жолы онша жүрмеді. Содан ба, анда-санда тұнжырап бізге қарайды, біз бір-бірімізге ажыраямыз. Одан Ақаң өз-өзінен шарт ашулады. Екі ку шыбайласып арамдық жасап отыр деп күдіктенген сияқты. Сөйтіп орнынан атып тұрды да, төрде ілулі тұрған қылышты қынабынан суырып алып, екеуімізді кең бөлменің ішін шыр айналдыра қуды. Сасқанда есікті де таба алмай қалады екенсің. Екі жігіт біресе үстелдің, біресе серванттың тасасына тығылып, жан ұшырып жүрміз.

Бір кезде мен шкаф шетінен Ақаңның түріне қарасам, расында да, шауып тастаудан тайынбайтындай екен. Түтігіп, қаһарланып алыпты. Жан дауысым шыққан:

— Ойбай, тәте!.. Жеңгей, жеңгей! Өлтіргелі жатыр бізді! — деп.

Одан жалындық қосарласып:

— Ақшасы да, бәрі де бар болсын, аға, кетейікші өзі!

— Жоқ! Отырасыңдар, қайта ойнаймыз!

Ойын тағы жалғасты. Акселеу аға тағы ұтылды. Тағы да ұшып тұра келіп, қайта ұмтылды қылышқа.

— Ақа-ау, ақшасы құрысын! Босатыңызшы бізді өзі аман-есен!

— Жоқ, сендер адал ойнамадыңдар ымырыласып алып. Мұндай ақшаның маған да керегі жоқ!

Сөйтті де араға түскен зайыбын да тыңдамады, ортада жатқан бір буда ақшаны қобырата уыстап алып жетінші қабаттың балқонынан далаға қарай алып, екеуімізді кең бөлменің ішін шыр айналдыра қуды. Сасқанда есікті де таба алмай қалады екенсің. Екі жігіт біресе үстелдің, біресе серванттың тасасына тығылып, жан ұшырып жүрміз.

Жәнібек екеуіміз оңтайлы сәтте ытқып дәлізге шықтық. Қырсық қылғанда лифті де бұзылып қалыпты. Сонда Жәнібектің айтқаны ғой:

— Ойбай, таң да атыпты-ау аппақ болып. Жүгір! Жердегі ақшаны сүтке келген кемпірлер жинап алмай тұрғанда! — деп.

Далаға шыға салып жоғарыға қарадық. Ақаң көрінбеді. Көп ақшаның бірталайы өзге балқондарға түсіп, біразы биік ағаш бұтақтарына ілініп қалған секілді.

— Ух-х! — десіп бұйырғанын теріп алдық да, такси ұстап жөнімізге тарттық.

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

істеп, ми шаршап жүргенде осыдан тынығамын», — деуші еді. Олан соң сәл қалт етсе онаша қалып, толғануды ұнататыны бар-тын.

— Шығармашылық адамы, әсілі, қым-қуып терең ойдан да ләззат алатын болып тұр ғой.

— Иә, әсіресе, бір мезгіл табиғат аясына шығып, бой жазуды қалайтын. Ондайда ескінің қақтарының басына — тақия, үстіне жеңіл шапан киіп, қолына таяқ ұстап қырға шығып, ұзақ серуендейді. Бірталай жылдар «Көктем» ықшамауданында тұрдық. Сонда Алатау бөктеріне дейін жаяу барып, жаяу қайтып жүрді. Бір сәт өз-өзімен сырласудың да рахаты жоқ еместей. Ойланады. Мазалаған сауалдардың жауабын іздейді. Мында болашақ шығармаларын пісіреді. Артында қалған үш кітаптың бәрін солай жазғандай.

Өттен, амал не:

— Құлагер, айналайын шабысыңнан,

Атағы елге шыққан дабысыңнан.

Біліп ем өлерінді, Құлагерім,

Шыңғырған түсімдегі

дауысыңнан, — деп өзі

шырқағанындай, композиторлық қыры да ерекше, тұлпар тағдырлы әнші сұм ажалдың біртіндеп жақындап келе жатқанын сезді ме екен, «Жастық шак» аталатын әнінде:

— Жалындап келдім өмірге, Жайлауын кешіп жастықтың,

Адасып қалдым бұл күнде,

Білмеймін, қайда асықтым.

Зулайды күндер, зулайды,

Тулайды жүрек, қимайды,

Жас дәурен мойның бұрмайды,

Жастығым қолың бұлғады...

немесе «Өмір туралы» толғауында:

— Опасыз мынау дүние,

тұтқа болған кіндерге,

Өмірдің соңы — өкініш,

санамен ойлап білгенге.

Қадірі болмас адамның

ортаңда тірі жүргенде.

Орны қалар ойсырап

бір күні көрге кіргенде.

Мұңайма, Жәке, мұңайма,

сабыр ет енді, жүрегім,

Бір күні сен де тоқтайсың,

оны да жасқы білемін,

Бас имей жүрген тағдырға,

дертті жанның бірі едім,

Адам боп кеп ем өмірге,

Адам боп өтсем — тілегім,

Бәріңе соны тіледім! —

дегендей жолдарды түзіпті.

Бұлардың бәрінен бұлқына ышқынған, әлдеқайда алып-ұшқан жан толқынысын аңдаймыз.

Сөйтіп жүргенде, шырққан домбыраның ішегіңдей, қапияда үзіліпті де кетіпті. Қырық үш жасында...

Бірақ «Өлді деуге сыя ма, айттыңдаршы» деп Абай атасы айтатынындай, Жәнібектің енді қайтып оралмайтынын басқа басқа, Тоты жеңгеміз мойнындай алмайтын секілді:

— Әлі күнге дейін сенбеймін, шынын айтсам. Әлі де әне-міне кіріп келетіндей көрінеді де тұрады. Көрген түстей күйде қалдық. Арала қаншама жыл өтсе де әлі елегізімін. Қайтыс болған алғашқы жылдарда құлап

Жәнібектің: «Әй, Тотай!» — деп қалған дауысы шалқамнан түсірді. Мені шақырған үні жазылғанын білмеппін. Сол дауыс дәл құлағымның түбінен естілгендей естен тандым. Жүрек жарасы жазылмайды екен. Тырнала береді. Уақыт емші деп жатады. Соған сенсе қоймаймын...

Жәкеңнің балаларының есімі Әдебиет әлеміне қатыссыз емес — Әсет, Ақбота, Шәкәрім...

Таяуда Тоты жеңгей Жәнібектен екі жаста қалған Шәкәрімнің 7-ші сыныпта жүргенде жазған бір шығармасын тауып алыпты. Онда кенже ұл былайша толғанады:

«Әке» — үш-ақ әріп. Бірақ осы сөздің бағасы мен құнын адамзат біле бере ме? Әкенді құшақтап, басынды



кеудесіне қойып, бір еркелеп алғанның өзі шексіз бақыт екеніне елдің бәрінің көзі жете бермейді. «Қолда барда алтының қадірі жоқ» дейтін ғой қазақ. Мен баға жетпес «алтынымнан» есім кірмей-ақ ерте айырылып қалдым. Мүмкін содан да шығар, апайым берген тақырыптан тыс әке туралы жазып отырғаным... Бұл жазғаным — мен үшін еріккеннің ермегі емес. Ішіме алтынды бара жатқан дерттің қысып, қинаған кезіндегі жүректен шыққан әкеме деген пәк, сазды сағынышым. Жасымнан құрбыларым сияқты әкемнің алдына отырып, әкемнің жылы алақанын сезбегеннен шыққан сағыныш. Кейде осындай кен дүниеге сыймай, ішімдегі дертім шыдамай, әкемді құшақтап, әкемнің қанатының астына тығылып, бар әлемді ұмытқым келіп кетеді. Бірақ амал не, тағдырдың жазғаны сол болды, амалсыздан шыдаймын. Балапандай кезімнен мәпелеп, әкенің орнына әке болған асыл анамның көңіліне қарап, ішімдегі жалынды көрсетпеуге тырысамын. Әкемнің жоқтығын сездірмей, құрбыларымнан кем қылмай өсіріп келе жатқан анамның жүрегіне бұл жай ауыр тигетін де түсінемін. Сондықтан да көрсетпеймін. Бірақ өзімнен-өзім әкемнің ұнтаспаларын тындап отырған кезімде көзімнен жас сорғалап кеткенін де байқаймын. Сағынамын! Қиналамын! Түнде ұйықтар алдында әкем бүгін түсіме кірсінші деп Алладан тілеймін. Түсімде болса да әкеммен бірге болғым келеді. Әкемнің дауысын суық ұнтаспадан емес, тірдей, таза тыңдағым келеді. Дана, ұлағатты сөздерін әкемнің достарының аузынан емес, өз аузынан тыңдағым келеді. Бірақ мұның бәрі тек қана арман, қиял. Қатыгез тағдырдың жазғанына көңуден басқа амал жоқ. Бірақ қолымнан келгені — әкемнің атын өшірмей, жолын қуып, фибратты ойлары мен асқақ дауысын келер ұрпаққа жеткізіп, Жәнібек Көрменовтің ұлы деген атқа сай болу. Өмір бойы осы мақсатымды орындауға соңғы демім жеткенше тырысамын. Бар күшімді саламын. «Болмасан да ұқсап бак» деп Абай атам айтқандай, әкемнің деңгейіне әлі жету алыс екенін бісем де, жан аямай тырысамын. Кім біледі, алда әлі бүкіл өмір бар емес пе!»

— Осы Шәкәрімнен үмітім бар енді, — дейді Төкен. — Қаламға да бейім. Елге тележүргізуші ретінде танылды. Ал Ақбота мен Әсет екеуі де заң қызметкері ғой. Кенен ағамыздың Жәнібектің орындауындағы «Ақ ешкі» әнінде «Домбырамның қала ма иесі жоқ» деген сауал жанымды мұздай қарып, мен де домбырасы иесіз қалар ма екен деп мұңданып ем. Құдайға тәуба, кіші ұл он үш жасынан бастап өнерге бет бұрып, домбырасына ие болды. Атақты әнші болуға ұмтыла қоймаса да, өзі үшін әкесінің әндерін тербетіп отыратын кездері дәтке қуат!..

Кейде Жәнібек аға өмірден ерте озғанымен, бақытты әнші ме деген де ой келеді. Айталық, Бекболат Тілеуханов, Ержан Қосбармақовтай шәкірттері бар ұстазда арман бар ма! Оның үстіне, Жәнібектің қасиетті домбырасы өз баласы Шәкәрімнің қолында ғой.

Ал әні — халқының жүрегіңде!

Құтпөлеу МҰКАШ



АЙМАҚ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Құс шаруашылығы

Түйеқұстың етін шалғайдағы шетелдіктер емес, өзіміздің жерлестер өндіріп отырғанын көргенде қуанып қалдық. Аталған «Фауна» фермасын Бекетбай Дәуренқұлов есімді іскер азамат басқарады екен. Шаруашылықтың табалдырығын аттаған сәттен көк тіреген алып құсты көріп,



АЛАТАУДЫҢ ЕТЕГІНДЕ АЛЫП ҚҰС

Бойы үш метрді құрайтын түйеқұстар темір тордың ар жағында емін-еркін серуендеп жүр. Аяқ алысынан, нық-нық басқан адымынан салмақты екені бірден білінеді. Тарихи түп-төркіні Африка мен Австралия құрлығынан өрбитін бұл құс жайлы білетініміз тым аз. Түйеқұстар шаруашылық мақсатында пайдалану үшін осыдан 15 жыл бұрын Қазақстанға

Түйеқұсты алғаш төрткүл дүниені тәрімізден тамашалайтын теледидардан көрдік. Құмдауытты жердің алып құсы желмен жарысқан жүйрік келеді. Адымдап жүрген кезде жылдамдығына көз ілеспейді. Орташа есеппен сағатына 70 шақырымды бағындырады. Бұл дегеніңіз – кәдімгі тәуліктеп алыс жолдарды бағындыратын үлкен жүк көлігінің, яки жолаушылар пойызының жылдамдығы. Түйеқұс – еліміз үшін таңсық құс. Ертеде еуропалықтар түйеқұстың жұмыртқасын емдік мақсатта пайдаланып, қатты қауырсындарын әскери шен ретінде тағып жүрген көрінеді. Ал бізде түйеқұс өсіретін фабрикалар санаулы-ақ. Соңғы дерек бойынша, 20 шақты кәсіпорын дәл осы алып құсты өсірумен және жұмыртқасын шаруашылық мақсатында пайдаланумен шұғылданады. Соның бірі – Алматының іргесіндегі

Еңбекшіқазақ ауданында орналасқан «Фауна» фермасы. Сонымен, алып құстың тынысымен танысу үшін Алатау бөктеріндегі аядай Әймен ауылына ат басын бұрдық.

тасымалданыпты. Ферма ұжымына Жетісу төрінде түйеқұстарды жерсіндіру онайға түспеген.

Алдымен бізді аталған шаруашылықтың маманы Қуанбай Қайратбекұлы бастап жүріп, құс фермасының барлық мән-жайымен таныстырып шықты. Оның айтуынша, алғаш бетпе-бет келгенде сұсты болып көрінетін бұл құстың пайдасы шаш етекпен. Бойы 2-3 метр келетін түйеқұс аталығы 100-150 келі ет береді. Қауырсыны бас киім, сахналық көстөмдер тігуге пайдаланылса, жұмыртқасы мен еті жесен ем, әсіресе, қан қысымы жоғары және кант диабетімен ауыратындарға мың да бір дауа. Сондықтан түйеқұсқа қызығушылық уақыт өткен сайын артады. Басын құмға тығып қойып, өзіне төнген қауіп-қатерді елемуге тырысатын әдеті көпшілікке қызық көрінгенімен, бір қасиеті аса күтімді, қамқорлықты қажет ете бермейді.

Әу баста, шетелден жүзге жуық түйеқұс балапанын сатып әкеліп, қазақ даласында оны өсіруге болатынын дәлелдеген шаруашылықта бүгінде елуге жуығы бағылып жатыр.

Аталған құсты бағып-баптау ісі де үлкен жауапкершілікті талап ететін көрінеді. Оларға негізінен шоң, жүгері, бидай және соя ұны қоспаларынан тұратын азық-түлік беріледі екен. Оған бор мен кальций қосылады. Бір түйеқұс күніне 10 литрге жуық су тұтынады. Керекті азық шаруашылықтың өзінде дайындалады. Шаруашылықта арнайы жататын, қыздырылатын, жемдейтін орындар, инкубатор құрылғысы бар. Жазды күні далада емін-еркін жүретін құстарды қысты күні бағатын орындарда заман талабына сай жабдықталған. Онда түйеқұстар азықтанатын құрылғылар мен жатын орнын жылытуға арналған пеш орнатылған.

Фермадағы ересек

түйеқұстардың салмағы 160 келіге дейін жетеді екен. Біз көрген балапан деп саналатындардың салмағы да осы мөлшерге жетеабыл. Балапандар тәулігіне 500 грамнан салмақ қоса отырып, он айлығында 100 келіге жетеді. Екі жасқа толғанда толыққанды түйеқұс саналып, жұмыртқалай бастайды.

Негізі, түйеқұстың өнімдері өте пайдалы. Терісі, тұяғы, тұмсығы, еті, жұмыртқасы, бөрі кәдеге жарайды. Еті мейрамханаларда диеталық тағам ретінде ұсынылады. Ал оның терісінің беріктігі піл мен қолтырауынның терісімен бірдей. Олар негізінен, сәуір мен қазан айында жұмыртқалайды. Ол кезде бір түйеқұс аптасына бір-екіден жұмыртқа береді. Бір қызығы, салмағы 1,5-2 келі жұмыртқаны қуырып, 12-14 адамды тамақтандыруға болады.

Бүгінде түйеқұс етіне сұраныс жоғары. Жеке шаруашылықта түйеқұстар қыста терен төсеніште, жылжыжайларда сақталып, ал жазда табиги топырақта жайылымдарда тұрады. Түйеқұстардың бөлмесі құрғақ, мүмкіндігінше ашық, жарық, өте таза және жыл мезгіліне сәйкес келуі керек. Егер қандай да бір шарттар сақталмаса, онда олар кеткен шығынға сәйкес саны мен сапасы бойынша қажетті өнімді бермейді және оларды өсіру тиімсіз болып



ессептеледі. Айналасы темір тормен қоршалған аулада асыр салып ойнап, тізіле билеп, емін-еркін жүрген түйеқұстардың жағдайының жақсы екені бірден білінеді. Тіпті адамға үйірсе болып алғандары да көп. «Фауна» фермалық шаруашылығы Жетісу жеріндегі түйеқұс өсірумен айналысатын бірден-бір шаруашылық болғандықтан, түйеқұстың тіршілігін тамашалап, көріп қайтуға келетін туристердің қатары жыл сайын артып келе жатқан көрінеді. Сол қатарда жерлестерімізді айтпағанның өзінде алыс-жақын шетелден, тіпті Африка елдерінен арнайы келіп, түйеқұстың тіршілік етуін көріп қайтатындар да көп екен. Біз шаруашылыққа барғанда түйеқұсты көруге келген адамдардың көптігіне тәнті болдық. Сол кезде Қостанай қаласындағы Манаш Қозыбаев атындағы №23 орта мектептің оқушылары да сау ете қалды. Олар облысымызда өсіріліп жатқан түйеқұстарды арнайы көру мақсатында келгенін айтады.

«Фауна» шаруашылығы сияқты түйеқұсты жерсіндіріп, шаруашылығын дамытып жатқан фермерлердің қатары көбейгенін жанылықтардан көп көреміз. Ендеше, қарапайым азықпен қоректеніп, өнімді мол беретін, шығымы аз, туристік пайдасы мол, аса қамқорлықты қажет ете бермейтін, өнімі қымбат түйеқұсты неге біз де өсіріп көрмесек? Сұраныс бар жерде ұсыныстың қашанда болатынын ескерсек, алдағы уақытта бұл бағытта бірталай жұмыстар атқарылып, түйеқұстың етін күнде болмаса да күнәра жейтін уақыт келетін секілді.

Өзекті мәселе

Аудан бойынша «Алихан», «Квитко», «Дәрмен», «Дәулет-Б», «Нұржан» шаруа қожалықтары жақсы өнім алса, Ойтоған, Арасан, Қаракөз ауылдық округтері тапсырманы 7-8 пайызға ғана орындаған. Ал Суықсай, Қапал ауылдық округтері қызылша себу жоспарын мүлде орындамаған. Нәтижесінде, жоспарланған 45 мың тоннаның тек 30067 мың тоннасы жиналып, жоспар 68 пайызды құрап отыр. Ақсулықтардың қант қызылшасының жоспарын орындауға бірнеше кедергі болған.

Былтыр Ақсу ауданы бойынша 1552 гектар қант қызылшасы себіліп, оның 1360 гектары өнім берген. Жыл соңында мұның 1021,5 гектары толығымен жиналып, 30067 тонна өнім «Көксу қант зауыты» ЖШС-ға өткізілсе, қалған 339 гектар жерден алынған өнім ұсақ болғандықтан, мал азығына жұмсалыпты.

зауыттың «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы ҰҚ» АҚ-ның иелігіне өткенін айтқан еді. Олар белгіленген жоспарға сәйкес, арнайы мамандар мен сарапшылар шақырып, бірнеше мәрте ғимараттың техникалық жағдайын, бас корпусын, ЖЭС-тің техникалық

құрылғылары мен механизмдерін сараптаудан өткізген. Тіпті банктің қарызын 3 жылға бөліп төлеу туралы келісімшартқа қол қойыпты. Өндірісті іске қосуға кететін шығындарды да есептеп қойды. Бір айта кетерлігі, зауыт жұмысын тоқтатқанымен зауытқа жаны ашитын адамдар ондағы құрылғыларды сақтап қалуға бар күшін жұмсаған. Сондықтан мұндағы



АҚСУ ҚАНТ ЗАУЫТЫ АШЫЛСА...

Ең алдымен «Қызылағаш» су қоймасының іске қосылмауы қант қызылшасы мол егілетін алқаптардағы өнімділікті төмендетіп отырған көрінеді. Яғни судың тапшылығынан қызылшаны мол өсіретін қызылағаштықтар өнім берекелігін көбейте алмай келеді. Екіншіден, қант қызылшасын жеткізетін Көксу қант зауытына дейінгі жолдың шалғайлығы ақсулықтардың алдымен аштырмай отыр. Ақсудан 120-150 шақырым жолды басып Көксуға жететін көліктер көп уақыт жоғалтады. Бұл өз кезегінде алқаптағы өнімді ертерек жинап бітіруге кедергі келтіреді. Сонымен, ерте күзден қызылша жинау науқанын бастағанымен жанбұрылы күз айы мен ерте түскен қыс еңбекті қасат қардың астына көміп тастаған сынайлы. Үшіншіден, техниканың жеткіліксіздігі де Кеңес кезінде атағы қант қызылшасымен шыққан ақсулықтардың үмітін үкілей алмай тұр. Тек ауданда өткен жылы құрылған «Бәйтерек» кооперативін айтпағанның өзінде, дені түзу техникасы бар шаруашылықтар саусақпен санарлық қана. Ал қызылша таситын көліктер де жеткіліксіз. 4-5 тонна қызылша сиятын тракторлармен алыстағы зауытқа тасымалдау жұмысын жүргізу шаруаларды шаш етекпен шығынға батырады. Осындай салмақты себептерді саралай келген де, ақсулықтар «Қызылағаш» су қоймасын іске қосып, Ақсу қант зауытын қайта жүргізу керектігін алға тартты. Өткен жылы Ақсу ауданына арнайы жұмыс сапарымен барған облыс әкімі Амандық Баталов бұған дейін банкте кепілде тұрған

қондырғылар тозып, сыры кетіп, сыйқы бүлінгенмен тоналмаған. Осы зауытта бар өмірін өткізген және оны көзінің қарашығындай қорғап келген Владимир Юшков: «Зауыт ғимаратының сүйегі мықты, әлі де 120 жылға шыдас береді. Тіпті мұндағы қондырғылардың көбі әлі де жұмысқа жарамды. Тек күрделі жөндеу жұмыстарына тездеп кірісіп, жоспарға сай іс атқарылса, зауытты тез арада ретке келтіруге болады», — деп сенім танытып отыр. Біз зауытты аралап көрдік. Зауыттың өндірістік бөлігі мен оған энергия беретін жылу-электр орталығы да көп бүлінбеген.

«Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ҰҚ» АҚ-мен хабарласып, қазірдің өзінде Ақсу қант зауытына инвестиция салуға отандық және шетелдік үш инвестордың ниет танытып отырғанын білдік. Олар зауытты іске қосуға кететін шығынды есептепті. Облыс әкімінің нақты тапсырмасы бойынша был Ақсу қант зауыты іске қосылады деп сендірді. Алайда зауыт толыққанды жұмыс істеу үшін шикізат қажетті деңгейде болуы керек. Сондықтан ақсулықтар биыл кем дегенде 1600 гектар қызылша сеуіп, 52800 тонна қант қызылшасын өндіруге керек. Ол үшін жанар-жағармайға, тұқымға сұраныс жасап, техниканы дайындап, дақылды уақытында себу керек. Осыған орай, аудан орталығында сервистік дайындау орталығы ашылып, 220 млн теңгеге техника алыныпты. Алдағы уақытта аудандық ауыл шаруашылық бөлімі екі сервистік орталық ашуды жоспарлап отыр.

Агробизнес – 2020

Жаркент өңіріндегі ауыл шаруашылық құрылымдары соңғы жарты ғасырдан астам уақыт барысында негізінен, жүгері өсірумен шұғылданып, мұндағы сұрып сынау учаскесі «дала аруының» жанадан пайда болған тұқымдарын сынау, жерсіндіру істерімен айналысады.

Панфилов ауданында 1958 жылы алғаш рет мемлекеттік жеміс-жидек шаруашылығы ұйымдастырылды. Бұл тұста өңірде жүгері өсіру өндірісі де бел ала бастаған болатын. Осы үрдіске байланысты ауданда мемлекеттік сұрып сынау учаскесі құрылды. Жаркент қаласының солтүстік шетіндегі жалпы аумағы 112 гектар жерді алып жатқан шаруашылық 55 жылдан бері жүйелі жұмыс істеп келеді. Шаруашылықта сынақтан өткен жеміс-жидек түрі мен жүгері, сорго, судан шөбі сынды дақылдардың жана сұрпы комиссияның жоғары бағасын алып, өндіріске кеңінен енгізіліп, ел берекесін еселеуге негіз қалады.

— Біз бір жылдық дақылдардың әрбір сұрыбын қатарынан үш жыл егіп, сынақтан өткіземіз, — дейді мекеме агрономы Нұрлан

Ағымов. — Сұрып сынаудың нәтижесі арнайы кесте арқылы күнделікті жазылып, бақылауға алынып, оның бұр жаруы, топырақ балбанитетін қалауы, ылғал сұранысы, жылдам бойлауы, тозандануы

мен дән ұстауы сияқты өзіндік ерекшеліктері жазылады. Үш жыл қатарынан егіп өсіретініміз — әр жылдың ауа райында ерекшеліктер болуы мүмкін, дақылдың осындай өзгерістерді қалай қабылдайтыны сынақ барысында ескеріледі.

Аталған сұрып сынау тегімін 2011 жылдан бері Таскын Жапарқұл басқарады. Еліміз егемендік алып, халық шаруашылығы нарық қатынасына көшірілгеннен бері кәсіпкерлікпен шұғылданып, жеке шаруасын шалқытқандардың бірі — осы Таскын. Ол құрған «Ернер» ЖШҚ өңірде элиталық жүгері тұқымын өсіретін ең алдыңғы қатардағы шаруашылық.

Бұл сұрып сынау учаскесіне басшылық жасау Таскынға жайдан-жай тапсырылған жоқ. Кейінгі жылдары сынақтан өткізілген 50-ден астам жүгерінің, 2 түрлі судан шөбінің, 2 түрлі «Моғар» сұрыпты соргоның жана 12 тұқымдарының мемлекеттік комиссияның жоғары бағасын алып, өндіріске енгізілуі Таскын басқарған ұжымның жүйелі жұмысының нәтижесі. Биыл дәндік жүгерінің 37, сүрлемдік жүгерінің 30, дәндік соргоның 6, сүрлемдік соргоның 3, дәндік моғардың 2, судан шөбінің 2 сұрыптары сынақтан өткізіліпті. Дәнге өсірілген жүгерінің Данубио сұрыбы 102 күнде пісіп-жетіліп, әр гектарынан 54,4 центнерден өнім жиналды. Сол сияқты «Мас-38Д», «НС-3014», «Мас-39Т», «МВ — Максима» сұрыптарынан — 53,5 центнерден 63,5 центнерге дейін гектар сайын дән жиналды. Бұл сұрыптар болашақта облыстың дәндік жүгері өсіретін аудандарына таратылып, ел экономикасына мол береке береді.

Сұрып сынау учаскесінің қарауында қосымша 48 гектар бақ бар. Онда 3 түрлі өрік, алмадың бес сұрыбы, алмұрт, айва, қарақат өсіріліп, олардан жиналған өнім шаруашылық экономикасын өркендетуге жұмсалады. Үкімет бұл мекемеге жана 2 донғалақты трактор берді. Ұжымда бүгінгі таңда он шақты адам тұрақты еңбек етеді. Жазғы, күзгі жеміс-жидек жинау науқанында шаруашылыққа уақытша тағы оннан астам жұмысшы тартылады. Еңбеккерлер арасындағы Олег Бурдачев, Ташмұхамет Пархатов сияқты механизаторлар ұжым мақтанышы.

Бетті дайындаған
Қуаныш ТҮНҒАТАР,
Алматы облысы

Әріптес туралы әңгіме

Олжабай көркем әңгімені де тән-тәуір жазатынына көзіміз жетіп келеді.

Оның әңгімесінен сатираға тән ерекшеліктің байқауы бек мүмкін деген оймен «Ақырзаманның ауруы» атты кітабына енген бірнеше әңгімесін оқып шықтым. Оқып шыққанымда бастатқы ойымның дұрыс емес екеніне көзім жетті. Әрі соған қуандым да.

Қоғамдағы әлеуметтік мәселені, түйткілді жайтты журналист ретінде сынға алып, сатирик ретінде түйреп жүрген Сабырбек Олжабайдың балалық шағындағы арманы, өмірден көріп, түйінгені жүрегінде жасырынып, әңгімеге сұрана бергені байқалады. Ол ойлар күнделікті жазбадан орын таба алмай, өткен күннің естелігі мен сағынышы қаламгерді мазалаған. Содан, Сабырбек Олжабай ойындағы ойын әңгімелеп, оқырманмен сырласпаққа ұмтылады.

«Адамдар осылай адасып қалады» атты әңгімесінде қойшыға көмекшілік еткен Садықтың үйінің жанына геологтар қоныстанады. Көмекші Татьяна атты қызға ғашық болады. Алғашқы сезім бүр жарады. Қалың нөсер қауіпінен геологтар көшіп кетеді. Салық өзі ұнатқан жаннан көз жазып қалады.



Садықтың көңілі құлазып келеді. Ол ғашығын жоғалтып алды.

Садықтың жан толқынысын «жүрегімнің түкпіріндегі ақ шатырғы ауыл көрінбейді» деп бейнелейді.

Жазушы әңгімені осы жолмен аяқтаса да болар ма еді. Бірақ жазушы әңгімесін:

«Адамдар осылай адасып қалады екен-ау... Адамдар көп қой, көп...» деген жолмен тәмамдайды. Мұны жазушы тақырып атауын нақтылай түсу үшін қосқан. Ал мен үшін адасқаннан гөрі, жүрек түкпіріндегі ақ шатырғы ауылды жоғалту әлдеқайда әсерлі.

«Ораза айы еді» әңгімесінде Нысанбайдың кешесі мен бүгінгі суреттеледі. Кешегісі елге жасаған қиянаты, бүгінгі көленкеде саялап ой кешу кезі. Жазушы кейіпкердің ар азабына өртенген сәтін көңіл-күй ауанымен сездіреді. Кейіпкердің жан азабын суреттемеуі кейіпкер болмысының да терең ойдың адамы емес екендігінен хабарлар етеді.

Тарамыстай кара шал кенет қайғы мен бейннеттен азып-тозған әйеліне көзі түсіп кетеді. Осы сәтті жазушы: «Насыбайшы шалдың өмірі жібімеген жүрегі әлденеге өрекіп, кемпіріне алғаш рет аяушылық білдірді» деп жазды. Жазушы кейіпкер болмысын осы бір-ақ сәтпен шебер суреттейді.

Кейіпкер тоқал тамнын алдында отыр. Өткеніне ойша шарлап, қиянаттарына көз жібереді. Жан-жарына да, жан-жағына да жассылық жасай алмаған Нысанбай өмір көшінін түйіпқалар тұсында ар азабынан құтылуын жолын іздейді. Мешітке баралы, молдалан сұрайды. Күнәдан арылу жолын. Үйіне келіп, ораза тұтатынын жеткізеді. Өмірі өксікпен өткен әйелі:

— Мақұл, ауызыңды бекіт. Күнәңді Құдай кешірсін-ақ. Ал мен ше, мен. Кешіре аламын ба сені? — дейді.

Ерлі-зайыптылардың диалогы. Алладан кешірім сұрап, тазарғысы келеді. Сөйтсек, Құдай-ау, жан жарының жанына салған жарасы жазылмастай қордаланған екен. Жарынан жассылық көрмей, жаны азап шеккен, қорланған әйел жанының сірілігі мен рухының өлмегендігіне көзін жете отырып, көк пен ыза кернеген адам болмысы ойландырады. Әйел бейнесі шерге толы. Қапаста қамығып қыстыққан жанның бейнесі сәтті ашылады.

Адам жасаған зауалды, адам туындатқан кей қасіреттерді кешіре салуға бола ма? — деген ұстара сауал мазалайды. Ар мен ұяттан аттаған, обал мен сауапты таптаған жандардың имансыз қалыбын, жасаған қиянатын кешіре алар ма екен? Нысанбайдың тәубаға келгендей сынайы бар. Бірақ Алла жолына құлдық ұрғанда жасаған қиянатына өкінген, ар азабы мазалаған кейіпкердің ағыл-тегіл өкініші көрінбейді. Себебі кейіпкер рухы жамандықтан әлі арыла қойған жоқ. Адам жасаған қиянат, адам жанына салған жараның жазылуы оңай еместігіне көзі жетеді. Сондықтан жаны құлазып, жүрегі жылап, кешірім сұрамайды. Жасаған қиянат жасалды, енді ораза тұтсам барлық нөрседен құлан-таза айыға салам деген шешімі қарсылыққа ұшырады? Неге? Әсіресе, есіріп қиянат жасап, жаны, рухы сауықпай, ораза тұтсам барлық

Әдебиет әлеміндегі күрделі сатира жанрымен қалың оқырманға танылған қаламгер Сабырбек

жамандығымнан құлан-таза айыға саламын деген кейіпкердің келте пікірі қаламгерді де толғадырған.

«Қарыз қайтарымы» деген әңгімеге қоғам өзгерісі, нарық заманының белең алған кезіндегі оқиға өзек болған. Гүлсара күнкөрістің қамымен алыс сапарға саудаға кетеді. Азаматы жұмыстан қысқартылып, күнкөрісі қиындаған. Отбасы тіршілік қамымен сарсаң болады. Әйелі Гүлсара құрбыларымен еріп, сауда жасауға аттанады. Бекен бала-шаға бағып, отбасында отырып қалады. Үйдегі азаматтың енесі түсіңкі болса да амалы жоқ. Қымбат көлікпен келген азамат

Бекене әйелі Гүлсараның өкінішпен жазылған хатын алып келіпті. Хатта Гүлсара тіршілік қамын күйттеп жүріп, қарызға батқанын, сол қарыздың қайтарымы ретінде алашақ жанға екінші әйел болып шыққанын жазған. Хатты оқыған Бекен қос қолымен төбесін ұстап отыра кетеді. Әлден соң есіне әлдене түскендей төрдегі ілулі тұрған мылтыққа ұмтылды. Ұңғысына екі

ок салып, үйден жүгіре шықты.

Бұл кезде шетелдік машинаның қарасы да көрінбей кеткен еді. Қатарынан екі рет атылған мылтық дауысы бүкіл



ауылды дүрліктірді. Өз-өзінен жұлынып, ебіл-дебілі шыққан, екі көзі қанталаған оны көрген көршілері жындынып кеттіге балады...

Әңгіме осылай аяқталады. Жүректерді бір мұн әлдилейді. Аянышты сезім пайда болады. Көз алдымызға отбасын асыраймын деп қап көтеріп, базар жағалаған әйел бейнесі келеді. Анам қашан келеді деп телмірген кішкене балалар. Бұл — өмір шындығы. Бірақ хатты неге сол қарыз берген жан алып келіп тапсырды екен деген ой мазалайды.

Жазушы сол хаттың Бекене табыстау жолын басқаша жеткізу тәсілін ұсынғанда әңгіме бұдан да тереңдеп кетер ме еді деген ой туындады. Нарықтық экономиканың қазақ қоғамына алғашқы ықпалы көптеген отбасына өз ізін салып, өз тәсіліндегі де артып кеткені жасырын емес. Бұл тәуелсіздік жылдарындағы қазақ прозасында аз да болса жазылып жүрген жайт. Мысалы, жазушы Нұрғали Ораздың «Даладан қалаға келгендер» әңгімесіндегі сықыр-сықыр ақ пима ән салады деп суреттеген қақаған қыста ет сатып, бір үйлі жанды асыраймын деп жүрген бойжеткен Жанат тағдыры еске түседі. Нарық қыспағындағы қазақ отбасының қиын тағдыры. Сабырбек сомдаған «Қарыз қайтарымы» әңгімесіндегі Гүлсара да бұл қаламға еріксіз барды. Балапандары мен жылы ұясын сақтап қаламын деп аласұрып жүріп, қиындықпен бетпе-бет қалады.

Сабырбек Олжабайдың «Сол бір қысқы кеш» әңгімесі қаламгердің прозадағы сыршылдық сезімінің тереңдігін танытатын туынды. Кешегі арманшыл, нәзік Әлия жол апатына түсіп, арбаға танылды. Сүйегін тастап кетті. Жаны жаралы Әлия терезеге телміреді. Табиғатпен сырласады. Жазушы табиғат пен кейіпкер бейнесін үндестіре суреттейді.

«Был қаланың қысы ерекше болды. Екі ай бойы түтеген ақ боран соғып тұр. Саябақ ішіндегі ағаштар мына суықты көтере алмағандай бұтақтарын салбыратып, тір-тір етеді. Кейде екілене соққан үскірік боран жалаңаш бұтақтарды аяусыз ұрғылайды. Мұндайда Әлияға дәлменсіз бұтақтар жылап жатқандай болады».

Жаны нәзік Әлия табиғаттың ақ боран, ақ қыраулы сәтмен терезенің бергі жағынан көңілі құлазып

сырласады. Әлсіз бұтақтардың дәлменсіз күйімен үндеседі.

Қаламгер Әлияның көңіл-күйін, сезімін, сағынышын табиғаттың құбылысымен астаастырады. Бұрқасын басылып, жым-жырт

тыныштық орнайды. Тіршілік жалғасуда.

Саябақ іші үрінді кар. Әрі-бері өткендер иреленген жалғызаяқ жол салып тастайды. Әрі-бері өткен шұбырды жұрт жалғызаяқ жолмен бүрсендеп кетіп бара жатады. Сықыр-сықыр, кірт-кірт. «Өмір жалғаса береді, тірі адамның тіршілігі таусылмайды» деп ойлайды бозқырау шалған терезенің күн нұры тиіп сәл ғана ерітіп, ойық жасаған санылауынан сыртқа телмірген Әлия.

Қақаған қыста терезеден телмірген жабырқау жанның жүрегінде бір нәзік сәуле жылтырайды. Әлия өткен өміріндегі сыршыл сәттерін ойлап, жұбанады. «Айнала аппақ дүние. Ағаштардың өне бойына ақ қырау қонақтап алған. Иықтан басқан зілмауыр сырма көңілді жастардың алаңсыз күлкілері ғана серпілтетіндей. Ал кеш түсе байыған күннің бозамық тартқан ақ жолақ сызаты ғана қалады. Боз қыраулы әйнек алдындағы бойжеткеннің талмауыр көзіне үміт отын жағатын саябақ ішіндегі самсаған электр жарықтары ғана.

Түнімен саябақтағы жалаңаш бұтақтарды аяусыз сабағанды долы жел танертен бір-ақ демін тартты. Күрткі карды жел суырып, жалғызаяқ жолдың үстін аршып кетіпті. Бірақ бет қаратпайтын актүнек боран жол жиектеріндегі бағаналардың «аяқтарына» абажадай байпақ кигізіпті. Бағана бастарындағы шамдар түнімен шайқатылып, енді ғана тыным алыпты. Сұмдық суық саябақта әзірше қыбырлаған пенде жоқ. Күнде танертен жалғызаяқ жолмен жүгіретін екі-үш шал бүгін көрінбейді. Тегі, белдерін укалатып пеш түбінен ұзай алмай қалған шығар-ау. Мынадай шыңылтыр аязды күні танертеннен көшеге шығып, жүгіретіндей далаға тастай алмай жүрген жандары жоқ болар-ау. Түнімен тентек желдің тегеуіріне төтеп берген саябақ меніреу күй кешіп жатыр. Адамдар басқа жолмен кеткен бе, әзірге саябақ ішіндегі сұрлеумен келе жатқан ешкім көрінбейді».

Әңгімедегі осы жолдар Сабырбек Олжабайдың шығармашылығындағы суреткерлік қарымын аңдатады. Қысқы кештің табиғаты, табиғат көрінісі мен кейіпкердің жан-дүниесінің үйлесімі, көңілдегі үскірік пен жүрегің жылытып өтер шуағы әдемі суреттелген. Жаны сағыныш пен өкінішке толы, тағдыр тауқыметін тартып отырған жауқазындай жас қыз өмірінің көктемін күтіп, терезеге телміріп отырғандай. Өміріне шуақ шапсар жылылықты аңсаған көңілде әдемі нәзік үміт қыландайды. Әңгіме соңы да әдемі аяқталады.

«Санылаудан сығалап еді, таныс та бейтаныс қыз бен жігіт бір-біріне қар шашып ойнап жүр екен. Әлия енді қыс маусымын керемет жақсы көріп кетті. «Көктем шықпай-ақ қойса екен» деп тіледі іштей. «Кіршіксіз қуанышын сыйласа мына әппақ әлемнің де базарлы бағы көк екен-ау» деген ой санасын селт еткізгенде есікке қарай қалай қозғалғанын өзі де сезген жоқ. — Әже, мені далаға шығаршы. Қысқы кешті көргім келеді, — деп ағыл-тегіл жылады...»

Сенін де көңілде ағыл-тегіл сезім көшкендей күй кешесін. Бұл кейіпкер сезімінің қиындықты жеңе алған нәзік қайсарлығының жеңісі. Ол жазушының суреткерлік әлемінің көркемдік жеңісі деп білемін.

Иә, Сабырбек Олжабай қалам тартқан әңгімелерінің оқиғасы қарапайым. Өмірдің өткініші екені, тіршіліктегі сан қилы тағдыр ішелерінің күлкісі мен қуанышы, өкініші мен мұңын терең сезіне алған жазушы шығармашылығы шынайылығымен баурайды.

Жазушының көңіл сандығында, яғни көңіл архивінде бұрынырақ сақталған, жадында жатталған дүниелері көркем әңгімелерінде келісті кескінделді. Журналист, сатирик Сабырбек Олжабайдың прозаға ден қоюын, ақыл-ой ғимараты саналатын (*А.Көңілдікүлы*) жанрға құштарлығы деп білеміз.

Зылиха ЖАНТАСОВА,
жазушы, филология ғылымының кандидаты, Шымкент

ҰЛТ

www.jasqazaq.kz
[E-mail: jas_qazaq@mail.ru](mailto:jas_qazaq@mail.ru)

САҢЛАҚ



1973

Жылғы Кеңес

одағының

чемпионатында

пенальти қайтарудан ең үздік

қақпашы атанып, сол жылдары

футболдың белді мамандарын

талассыз мойындатқан

Құралбек Ордабаев туралы

қысқақ тағдам.

Алматының «Қайрат» командасы Кеңес одағы чемпионатының жоғары тобында 1960 жылдан бастап ойнады. Содан КСРО империясының іргесі сөгілгенше бұл ұжым одақтың белді командаларының қатарында болды. Осы, отыз жылдан астам уақытта қазақтың үш футболшысы қалың жанкүйердің ерекше ықыласына



ҚАЗАҚТЫҢ №1 ҚАҚПАШЫСЫ!

бөленді. Олар туралы қиырдағы қазақ ауылдарында аңызға бергісіз әңгімелер гулеп жататын: Бұлар кімдер десеніз: Тимур Сегізбаев, Сейілла Байшаков және Құралбек Ордабаев. Қазақ доп тебе алмайды деген «білгіштердің» сөзін жоққа шығарған даңқты ағаларымыздың бірі — «Қайраттың» қара құлпы» атанған Құралбек Ордабаев еді.

Құралбектің атағы, әсіресе 1973 жылы айрықша қатты шықты. Сол жылы КСРО чемпионатында тең ойнаған командалар жеңімпазды анықтау үшін пенальтиге жүгінді. «Қайрат» бұл біріншілікте 11 бәсекені тең аяқтап, ойын соңындағы пенальти ұрудан 10 қарсыласын тізе бүктірді. Тек бір ойында ғана «Днепрден» ұтылды. Сол жылы КСРО чемпионы атанған Ереванның «Арараты» тең тарқасқан 7 ойынның небары 3-інде ғана пенальтиден жеңіске жетсе, Еуропадағы ең мықты клубтардың бірі, жетпіс үштегі чемпионаттың күміс жүлдегері Киевтің «Динамо» тең аяқталған 8 бәсекенің төртеуінде ғана пенальти бойынша ұтып, 4 пенальтиде сәтсіздікке ұшырады. «Динамоның» қақпасын күзеткен Евгений Рудаков 1969, 1971, 1972 жылдары одақтың жыл қақпашысы атанған, 14 жыл осы командалық бас қақпашысы, КСРО-ның 7 дүкін чемпионы, 8 жыл Кеңес одағы құрамасында ойнаған нағыз серкенін өзі болатын.

1971-1980 жылдары КСРО құрамасының қақпасын қорғаған, Мюнхен, Мәскеу Олимпиадаларының қолға жүлдегері, 1972 жылғы Еуропа чемпионатының күміс медалінің иесі Владимир Пильгуйдей қақпашысы бар Мәскеудің «Динамо» 10 тең ойыннан соң пенальти соғуда 3 мәрте жеңіліп қалды. Күшті деген Мәскеудің «Спартағы» қарсыластарымен болған 8 пенальтидін бесеуінде жеңіліс тапты.

Ал Құралбектей таскамал қақпашысы бар «Қайрат» 11 пенальти сайысының 10-ында қарсыластарын тас-талқан қылды. Бұл жерде команда ойыншыларының 11 метрліктен доп соғудағы шеберліктерін де жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен, Ордабаевтың оқша атылған допты қағып түсетін әбжілдігі, оның доп ұратын футболшының ішкі ойын деп басатын сезімталдығы, небір мықты ойыншылардың алдында қасқиып тұратын мінезі туралы жетпіс үштегі чемпионат барысында аз айтылған жоқ. Сол чемпионатта небір аузылы командалар «Қайратты» тек ұтуға күш салатын. Себебі тең тарқасқан жағдайда Ордабаев алғашқы бес пенальтидің бір-екеуін қағып алатын.

1973 жылы біз он-он бірдегі бала едік. «Лениншіл жастағы» (*«Жас Алаш»*) репортаждарды ашқарақтана оқимыз. Басқа басылымдардан Құралбек пен Сейілла ағаларымыз туралы бір ауыз сөзді қалт жібергіміз келмейді. Кабырғада ілулі тұратын бес сомдық радионы дәл түбінен тыңдағанды қанағат қылмай, астымызға орындық қойып, құлағына жабысып аламыз. «Қайрат» ұтқан сайын танауымыз делдіні шыға келеді. Бізге салса, «Қайрат» күнде ойнаса да, қой демейміз.

Кейін тағдырдың жазуымен Алматыда Құралбек ағаның ойынын

көрдік. Бір күні даңқты қақпашымен танысып, сұхбат құрдық. «Жақсыда жаттық жоқ», деген. Қарапайым, бауырмал кісі екен. Сондағы көңіл-күйдің жөні бөлек. Келе-келе сыйластығымыз артты.

— Аға, — деймін, жетпіс үштегі тарихты қайта жаңғыртқып кеп, — ұзындығы жеті метр қырық сантиметр қақпаны шірене тепкен доптан қорғау қиынның қиыны. Оның үстіне, пенальти қайтару ата-бабадан жұғысты кәсіп емес. Бұған қалай машықтанып жүрсіз?

— Шымкенттің «Металлургінен» «Қайратқа» ауысқаннан кейін жаттығудан соң Тимур Сегізбаев екеуміз жеке қалып жүрдік. Кезінде күллі қазаққа аңыз болған адам. Менің бойымнан бір ұшқын байқағаны анық. Екеуміз ойын үстінде кездесетін әртүрлі жағдайға дайын болуды қарастырамыз. Ол кісі әр нүктеден қақпаны көздейді. Бірде қатты, бірде жай. Арасында солқылдағып пенальти ұрады. Айла-тәсілі сан алуан. Басқа ойыншылармен

тер төккен бір басқа, Тимур ағамның жөні бөлек. Ерінбей-жалықпай, шар болаттай шындады. Қанына тартқаны тағы рас.

Иә, сол кезеңде бір қазақ жарқ ете қалса, бүкіл қазақ ду ете қалатындай көрінетін бізге. Мына қызықты қараныз, егер Құралбекке дейін 5-6 қақпашы бауырымыз КСРО чемпионатында сынга түсіп, одаққа танылып жатса, бір сөрі. Ордабаев алаш ұлдарынан тұңғыш қақпашы ретінде Кеңес одағының чемпионатында бақ сынады. Не шықса да, көптен шықса керек еді. Жоқ, жалғыз барып та тұтас бір империяны мойындатуға болады екен. Құралбек 1971 жылы «Қайраттың» қақпасына ие болып қана қойған жоқ, содан табандатқан 11 жыл бойы тізгінді ешкімге ұстатпады. Ол тек Алматы командасының бас қақпашысы атанып қана қоймай, XX ғасырдың жетпісінші жылдары Кеңес одағындағы тандаулы голкиперлердің қатарында тұрды. Бұған дәлел: сол жылдарда одақтық басылм беттерінде Ордабаев туралы небір белді мамандар жақсы пікір білдірді. Елдің әр түкпірінен мыңдаған жанкүйер «Құралбекті көремді», деп Алматыға ағылып жататын. Біз де солардың қатарында болдық.

Екінші дәлел: 1972-1973 жылдары Кеңес одағындағы күшті команданың бірі — Мәскеудің «Динамо» Құралбекке арнайы қолқа салды. Владимир Пильгуйдай маркаскасы бар клуб сол тұстағы 15 одақтас республикадан жалғыз қазақты тандапты. Ағамыздың айтуынша, республика басшылары араласып жатып, Ордабаевты «Қайратта» қалдырған екен.

Үшінші дәлел: 1997 жылы жарық көрген «Российский футбол за 100 лет» атты Мәскеуде шыққан энциклопедиялық басылмада Құралбек Ордабаевтың XX ғасырдың жетпісінші жылдарының басында Одақтағы тандаулы қақпашылардың бірі болғаны әрі пенальти қайтарудағы мықтылығы тәйра танаба басқандай айқын көрсетілген.

Ал сол кездің жанкүйерлерін әңгімеге тартсаңыз, Құралбек ағамыз жайлы небір қызықты әңгімеге куә боласыз. Бұл кісіні, ең бастысы, халық мойындады. Ал халық мойындаған тұлға тарих төрінен орын алатыны даусыз.

Қазіргі футболға қарап, кей-кейде қарнын ашады. Бір кездері Құралбек пен Сейілданың алаңдағы қимылына көз таятын. Екеуі-ақ бүкіл қазақтың футболдағы жыртығына жамау болғандай еді. Қазір бізді тұсап отырған ешкім жоқ, кейінгі ширек ғасырда — Еуропаны айтпағанда, Азияны аузына қаратқан бір қазақ футболшысына зар болып жүріміз.

Қайран, Құралбек аға, билайықтың көл жайқаған жалғыздай боп жалы күдірейген Кеңес империясын сан мәрте дүр еткіздің-ау! Сол кездегі 30 мың жанкүйердің дуынан кемерінен асып, бурк-сарк қайнап стадион Орталық жатқан кей-кейде еске түседі...

Қыдырбек

РЫСБЕК





1 сәуір Күлкі күніне орай танымал әнші, композитор Марат Омаровтың басынан өткен қызықты оқиғасын назарларыңызға ұсынамыз.

Қалай алдандым?



Марат ОМАРОВ, әнші, КР еңбек сіңірген қайраткері:



1 сәуір күлкі күні, алдау күні деп жатамыз. Осы күні бір қатты алдандығым есімнен кетпейді. Өнер майталмандары өмірден озған Балтабек Жұмағұловпен бірге Жанар Айханова бәріміз Германия одан кейін Францияға өнер көрсетуге бардық. Парижге барған күні Пьер Карденмен жолығатын болып, содан мен енді Париж туралы ән шығардым. Оны сол кісінің алдында орындайтын болғандықтан, дайындалып, үстіме магазиннен толықтай киім алып сакадай сай болдым. Сөйтіп келе жатқан кезде Балтабек марқұм айтады. Мәке білесіз бе, Фирканте мұртты адамдарды ұнатпайды екен деді. Алған нәрсеменің барлығы ойымнан шығып кетті де, Балтабектің айтқаны көңілімде қалып қойды. Сөйтіп не керек мұртымды алып тастадым, киініп алып өнер көрсетуге резиденциясына келдік. Керемет сарайда ерекше шабытпен әнімді орындап бердім. Барлығы сәтті өтті. Концерт бітіп, көңіліміз жайланып келе жатқан сәтте. Балтабек Мәке мен сізді алдай салып едім деді. Сол сәт есімде қалды.

«Қазақстан» ұлттық арнасы

тәжірибенің басы сәтті өтсін» деген

«батасын» естіп есімнен аласып қалыппын.

Айығып, жоғарыдағы басымнан өткен өкірен оқиғаларды майын тамыза тамылжыта жазып, «Ал керек болса фельетон!» деп желпініп, жазғаным «Төлкек тәжірибе» деп ат қойып, жеделдете газет басшысына ұсына қойдым.

Ертесінде бәсекең шақырып, барсам:

— Бала,

жазғаның жарамайды!

Бұның тәжірибелік мақалан болсын... жаза-жаза төселіп кетесін... — дегені.

Берік САДЫР, Астана

Төлкек тәжірибе



«Не жазсам екен?» деп елегізіп, не де болса жазар дүниені өз басымнан өткергенім жөн-ау деп те қоямын.

Алдымен ұйпа-тұйпа шашымды жөндегіп ала қойып деп шаштаразға жайғаса қалып едім...

Шаш алушы «тәжірибеден өтуші» екен, онсыз да ұйпа-тұйпа шашымды кескілеп-қиқалап иқы-жыкы етіп... Ашуланғаннан не пайда, күнкілдеп қоқиланып, бастығы келіп тәжірибеден өтушіні табаға сап қуырып, менен кешірім сұрап кішірейіп бақты.

Қайтесің, кесілген шашты желімдеп те келтіре алмайсың, амал жоқ тықырлап алғызға тура келді.

Ит-ай-ә, тықырлап алушы да «тәжірибеден өтуші» екен... шыдап бағып, кесілген екі-үш жеріме қағаз жапсырып шала бүлініп шықтым.

Көшеде кіржііп келе жатып: «Міне, фельетон! Басы осы болсын» деп көңілімді демдеген болып едім, аяқ асты қасқа тісім қақсасын кеп... Қақсағаны соншалық, зып беріп тіс емханасынан бірақ шығыппын. «Біреулер» қараған болып, бірден ауру тісті жұлү керек деп шешіп... жұлүп болып жай табам ба десем... Жығылғанға жұдырық, о бастағы «біреуде» мына жұлүшы да «тәжірибеден өтуші» екен... сау тісімді түбімен

копарып, қорыққаннан ақ халатын шешпеген күйі қашып қарасын батырыпты.

Ауырған тісті «өке-күке» деп жатып жұлғаннан не пайда, сау тістің орны күп болып ісіп, «Бұларыңды фельетон етіп жазамын!» деп күнкілдеген болып, тездетіп үйге жетіп алайын деп көлікте келе жатып апатқа ұшырамасып ба... Әй, ит-ай, ауруханада жатып білдім, мен мінген көлік иесі кеше ғана жүргізу куәлігін алған біреу екен...

ФОТОРЕПОРТАЖ

Түркістан -

Түркі әлемінің

мәдени астанасы



АҚЖОАТАЙ

Аспан асты елінен тағы бір сүйінші хабар. Димаш Құдайбергенов «Азияның ең танымал әншісі» атағын жеңіп алды. Әлемдегі ең ірі марапаттау шарасының бірі – China Top Music Awards-та дарынды әншіміз алғысын әдеттегідей қазақ тілінде айтты.

Д. Құдайбергенов «Бұл менің шетелдегі алып тұрған алғашқы үлкен сыйлығым. Ең алдымен мен өзімнің ата-анама, жан досыма көп рахмет айтамын. Менің бағымды ашқан, әлемге танытқан «Singer» жобасына алғыс білдіремін! Менің қолдап жүретін барша тыңдарманымға рахмет айтқым келеді! Бар болыңыздар, аман болыңыздар! Бұл тек бастамасы ғана!!!», — деді. Осы жағымды жаңалықты бірінші болып бөліскен Димаштың менеджері Алпамыс Шәрімов

Facebook-гі парақшасына аталған шараның марапаттау сәтінен бір назар аударарлық фотоны жариялады. Онда қазақ әншісі тапсырылған жүлдесін сол қолына елеусіздей ұстап, ал микрофонын оң қолымен жоғары көтеріп тұр. О баста Димаштың талантын тани білген Алпамыс «Кім байқалды!? Әдейі емес, бұл — кездейсоқ түсірілген сурет! Осындай шараның жүзін көрдім. Мықтының мықтысы сахнаға шығып қуанған сәтте ұтқан жүлдесін (статуетка) биікке көтеретін еді... Біздің

«Бұл белгі»

Димаштың оң қолындағы микрофоны одан да биік тұр! Қуанғаннан тым философ болып кеткен шығармын, бәлкім! Бірақ сол қолындағы жүрек тұсындағы марапаты,

оң қолындағы биікке көтерілген микрофоны болмаса (мұндай ой) келмес те еді... Алланың құдіреті дер едім бұл суретті! Бұл белгі... Қаншама қуанғанымен, ненің қадірі биік екенін ұмытпауымыз керек дегендей сыр шертеді бұл сурет! — деп жазады.

Димаштың бұл әрекетіне осы жазбаға пікір жазушылардың бәрі сүйсініп жатыр. Жұрт мұны жақсылыққа балап, жас әншінің әлі де талай биіктерді бағындыруына тілектестік білдіруде.



Директор — Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ
Бас редактордың бірінші орынбасары

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Елдос ТОҚТАРБАЙ — Астана қаласындағы меншікті тілші

Жарас КЕМЕЛЖАН — қоғам және әлеумет

Мадияр АРЫСТАНБАЕВ — арнаулы тілші

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — өнер және руханият

Рүслан ДОСТАЕВ — web-редактор

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміші

Мехмет СЕМЕРЖИ — фототілші

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДИЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Шынарғұл ОНАШБАЙ — Алматы облысы (8 701 503 02 76)

Сабырбек ОЛЖАБАЙ — Оңтүстік Қазақстан облысы (8 701 385 72 75)

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ — Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы)
Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68
Бухгалтерия: тел. факс: 8(727) 394-39-67 (жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет «Дәуір» ЖШС РПНҚ
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2112;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 52 000 дана

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда КР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралының есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарсын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сонымен қатар «Air-Astana», «Turkish Airlines», «Qazaq Air» әуежолдарының ұшақтарында бар.